

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 қазандағы N 1010 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Ішкі су көлігі туралы

Осы Заң мемлекеттік органдар мен заңды және жеке тұлғалардың арасында ішкі су көлігімен кеме қатынасы, жолаушыларды, багажды және жүк тасымалдауды жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді, сондай-ақ олардың құқығын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өзен портының айдыны - айлақтарда кемелердің жүріп-тұруы және кемелер мен составтардың жүк өңдеуді күтетін немесе рейске аттанатын рейдтер құрылысы үшін пайдаланылатын, сондай-ақ қажетті операциялар орындалатын су айдынының шектеулі у ч а с к е с і ;

2) жағалау белдеуі - судың жағалауынан бастап, өзеннің, табиғи су қоймасының жағалауының түкпіріне, қолдан жасалған су қоймалары суының жобалық деңгейіне дейін ені 20 метр ендіктегі жер белдеуі;

3) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары (бұдан әрі - ішкі су жолдары) - навигациялық белгілермен немесе өзге де тәсілдермен белгіленген және кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;

4) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі (бұдан әрі - ішкі су көлігі) - Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және қарамағына Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрлерінің бірі;

5) дебаркадер - швартовкаға және жолаушылар немесе жүк кемелеріне қызмет

көрсетуге арналған жүзбелі айлақ (өздігінен жүрмейтін тұрған, кеме);

6) диспаша - кеме иелері мен жүк иелері арасында кемеңің, жүктің және фрахтың бағасын барабар бөлінетін ортақ апат бойынша шығындардың есебінен тұратын құжат;

7) диспашерлер - ішкі су көлігі саласындағы білімі мен тәжірибесі бар адамдар;

8) лоцман - кемеңің арқандап байлау орнына қауіпсіз алып жүру, зәкірге қою және кемелерді портта қайта орналастыру саласындағы белгілі бір білім мен дағдыға ие
м а м а н ;

9) кемелерді лоцмандық алып жүру - лоцман жүзеге асыратын кемелерді алып жүру ;

10) лоцмандық қызмет - лоцманның (лоцмандардың) қызметі;

11) навигация - өзеннің мұздан бос және кеме қатынасы жүзеге асырылатын кезең;

12) жүкқұжат - тікелей аралас теміржол-су және тікелей су қатынастарында жүк тасымалдау кезінде қолданылатын көліктік құжат;

13) қауіпті жүктер - бұл олардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай тасымалдау, қайта тиеу және тасымалдау кезінде адамдар өмірі мен денсаулығы үшін қауіп туғызатын, қоршаған ортаға зиян келтіретін, материалдық құндылықтардың зақымдануына немесе жойылуына әкелетін жүктер;

14) жолаушы - тасымалдаушымен шарттық қатынастарда тұрған және оның жол жүруін, не келісім бойынша жүк тасымалдауды жүзеге асыруын, тасымалдаушының келісімімен автокөлік құралдарына, жануарларға немесе басқа да жүктерге ілесіп жүруін куәландыратын билетте немесе өзге де құжатта көрсетілген тұлға;

15) теңізші паспорты - шетелдік жүзудегі қазақстандық немесе шетелдік кемелерде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының тұлғасын куәландыратын
қ ұ ж а т ;

16) тасымалдаушы - тасымал құжаттарында көрсетілген жолаушыларды, теңдеме жүктері мен жүктерді тасымалдау кезінде қызмет көрсетуді ұсынатын және кемеңің меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздермен иеленуші тұлға;

17) уәкілетті органның кәсіпорны - ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны, оның негізгі міндеті қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында кеме жүзетін су жолдарын тиісті ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру болып табылады.

18) айлақ - кемелердің қауіпсіз кіруіне арналған құрылғысы бар және кемелердің қауіпсіз аялдауына, оларға жүк тиеуге, жүк түсіруге және қызмет көрсетуге, сондай-ақ жолаушыларды кемеге отырғызуға және кемеден түсіруге арналған гидротехникалық
қ ұ р ы л ы с ;

19) тұру пункті (шығанақ) - жылдың жазғы және қысқы мерзімінде жөндеу, тұру, кемелерді және өзге де жүзбелі объектілерді техникалық тексеру мақсатында абаттандырылған және жабдықталған жер учаскесі және үстіңгі су объектілерінің
а й д ы н ы ;

20) жол жұмыстары - ішкі су жолдарының су түбін тереңдету түзеп-жөндеу, тральдық, су түбін тазарту, іздеттіру және навигациялық құрал-жабдықтардың құрылғылары мен құралдарын күтіп ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар;

21) кеме қатынасының тіркелімі - жіктеу және ішкі және аралас (өзен-теңіз) жүзудің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік мекемесі;

22) рейдтер - кемелердің зәкір салып тұруына, маневр жасауына немесе жүктерді қайта тиеуіне арналған кеме жүрісі шегінен тыс порт акваториясының бөлігі;

23) рейс - белгілі бір уақыт аралығында географиялық пункттер немесе аудандар арасында жүктерді немесе жолаушыларды тасымалдаудың көліктік процесі;

24) өзен порты - (бұдан әрі - порт) жер учаскесінде орналасқан құрылыстар кешені және жолаушылар мен кемелерге қызмет көрсету, жүктерді тиеу, түсіру, қабылдау, сақтау және беру, көліктің басқа да түрлерімен өзара іс-қимыл жасау мақсатында абаттандырылған және жабдықталған ішкі су жолдары акваториялары;

25) Жүзуге жарамдығы туралы куәлік - кеме қатынасы Тіркелімінің Ережесіне сәйкес берілетін кеме қатынасы Тіркелімнің негізгі құжаттарының бірі.

26) кеме иесі - тіркеу ережесіне сәйкес кеме меншік иесі ретінде тіркелген тұлға;

27) кеме - кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өз-өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін жүзбелі құрылыс, соның ішінде аралас (өзен-теңіз) жүзу кемесі, паром, су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа осыған ұқсас техникалық құрылыстар;

28) аралас (өзен-теңіз) жүзу кемесі - техникалық сипаты бойынша теңіз және ішкі су жолдарында кеме қатынасы мақсатындағы жарамды әрі белгіленген тәртіппен пайдалануға жіберілген кеме;

29) кеме иеленуші - кеме меншік иесі болып табылатындығына немесе оны өзге заңды негізде пайдаланылуына қарамай кеме меншік иесі ретінде пайдаланылатын тұлға;

30) кеме жүргізу - ішкі су жолдары бойынша жүзуді жүзеге асыратын кеме меншік иесіне қызмет;

31) кеме жолы - ішкі су жолдарының айдынында оның бағыты мен белгілі бір көлемдегі кемелердің белгілі бір шекте кедергісіз жүзу шекарасын көрсететін навигациялық жағдайдың белгілері орналастырылған су белдеуі;

32) кеме қатынасы шлюзі - кеме меншік иесі судың бір деңгейінен екінші деңгейіне көтеруге немесе түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;

33) кеме қатынасы - ішкі су жолдарында жүктерді, жолаушыларды және олардың қолжүктерін, почта жөнелтілімдерін тасымалдауға, кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерді жетекке алуға, пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге, балық өндіру және өзге де кәсіпшілігіне, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа осы сияқты жұмыстарды жүргізуге, лоцмандық әрі мұзжарғыштық алып жүру, құтқару операциялары, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, суға батқан мүлікті көтеруге,

санитарлық және бақылауға, оқу, спорт, мәдени және өзге де мақсаттарда, ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

34) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі - Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісім мен шарттардың, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңдарды және осы заңның талаптарын сақтау үшін, тиісті бақылауды, сондай-ақ кеме жүзетін су жолдарының жай-күйіне, техникалық пайдалану ережелеріне, кемелердегі қызмет жарғыларына және кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да нұсқамалар мен нұсқауларға қадағалауды жүзеге асыратын инспекциялаушы орган;

35) уәкілетті орган - ішкі су көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, Қазақстан Республикасы ішкі су көлігі қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

2-бап. Осы Заңның қолданыс аясы

1 . О с ы З а ң :

Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарына және онда орналасқан кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарына;

Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарында орналасқан порттарға;
Қазақстан Республикасы ішкі су жолдарында пайдаланылатын кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерге қолданылады.

2. Осы Заңның ережесі, онда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштері жалауын қадап жүзуші кемелер мен Шекара қызметінің бөлімдеріне қолданылмайды.

3. Кемелердің жүзуі мен кеме қатынасының қауіпсіздігін, соның ішінде құтқару операцияларын жүргізуді қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасы ішкі су жолдары учаскелеріндегі навигациялық-гидрогеографиялық жағдайлары теңіздегі сауда талаптарына сәйкес келетін жағдайда, сауда мақсатында теңізде жүзу шарттары бойынша кеме қатынасының қауіпсіздігінен туындаған қатынастар - сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңдармен, ал тасымал шартынан туындаған қатынастар осы Заңмен реттеледі.

3-бап. Ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзге ереже белгіленген болса, онда халықаралық шарт нормалары қолданылады.

4-бап. Ішкі су көлігіндегі мемлекеттік басқару

1. Ішкі су көлігіндегі мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілеттік орган жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі су көлігі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) ішкі су көлігі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;
2) ішкі су жолдарын дамытудың бағдарламаларын бекіту;
3) ішкі су көлігі саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

5) Қазақстан Республикасы аумағына қолжүгі мен жүкті алып кіруге, (аумағынан) алып шығуға, алып өтуге тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

6) кеме экипажы мүшелерін дипломдау тәртібін айқындау;

7) кемелерді мемлекеттік тіркеу ережесін және оларға құқықты бекіту;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер.

3. Ішкі су көлігі саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) кемелердің және өзге де жүзбелі объектілердің айлаққа келуі, байланып қойылуы және тұрағына арналған уақытша бейілді құрылғылар мен қалқығыш құрылыстарды салудың, жүктерді тиеудің, түсірудің және сақтаудың, жолаушыларды кемеге отырғызудың және түсірудің тәртібін анықтау;

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеме тізіміне немесе кеме кітабына мемлекеттік тіркелуге жататын кемелің командалық құрамындағы адамдарды дипломдау, сондай-ақ теңізші паспортын беру;

3) кеме қозғалысын диспетчерлік реттеу;

4) ішкі су жолдарында лоцмандық қызмет пен өзге де қызмет арқылы ішкі су көлігінде жүзу ережесінің сақталуын бақылау;

5) кеме қатынасы қауіпсіздігін, жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарының жұмыс істеу тәртібін анықтайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

6) ішкі су көлігі жолдарында кемелер пайдаланатын байланыс саласындағы ережені, нормалар мен стандарттардың орындалуын бақылау;

7) кемелерді тіркеу мен жіктеу;

8) кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

9) кемелерді, порттарды, жағалау объектілерін, кеме қатынасының гидроқұрылыстарын техникалық куәліктендіру жүргізуді қамтамасыз ету;

10) ішкі су көлігі жолдарын кеме қатынасы жай-күйіне келтіруді қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау;

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын беру және кемелің шет ел мемлекетінің жалауын қадап жүзуіне уақытша ауысуы туралы

ш е ш і м

қ а б ы л д а у ;

12) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерге
а т т е с т а ц и я жү р г і з у ;

13) ішкі су жолдары саласында туындайтын қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобасын әзірлеу;

14) жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау тәртібін белгілеу;

15) өзен (құйылыс) порты капитаны туралы ережені бекіту;

16) өз құзыреті шегінде ішкі су көлігі саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру.

5-бап. Лицензиялау

Ішкі су көлігіндегі жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

6-бап. Тарифтер (тасымалдау ақысы)

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тасымалдаушының қызмет көрсетуіне баға, соның ішінде тариф (тасымалдау ақысы) тасымалдаушының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

2-тарау. Ішкі су жолдары

7-бап. Жалпы ережелер

1. Ішкі су жолдары және онда орналасқан кеме қатынасы үшін пайдаланылатын кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстары мемлекет меншігіне жатады.

Кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ учаскелерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Кемелердің шекаралық аймақ учаскелеріндегі ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттеледі.

8-бап. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау

1. Жол жұмысын, соның ішінде мемлекет меншігіндегі порттағы рейдті құру мен күтіп ұстау және осы порттың айлағына келу жөніндегі жұмысты жүргізу, сондай-ақ кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын күтіп ұстау әрі ішкі су жолдары ұйымдарының технологиялық байланысын ұйымдастыруды уәкілетті органның к ә с і п о р н ы жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген портқа келудегі, сондай-ақ тұрақ пунктіндегі жол жұмысын жүргізуді олардың иелері уәкілетті органның келісімі

бойынша жүзеге асыруға міндетті.

3. Ішкі су жолдарын және ондағы кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыс жол жұмысын жүргізуге арнайы рұқсатсыз жүзеге асырылады.

9-бап. Ішкі су жолдарындағы құрылғылардың құрылысы мен оны пайдалану

1. Ішкі су жолдарында тұрғызылған жасанды құрылыстардың (көпірлердің, платиналардың, айлақ құрылыстарының, арналардың, гидроэнергетика құрылғыларының, су бетіндегі және су астындағы өту жолдарының, байланыс желілері мен электр бергіштерінің, құбырлардың, су жинағыштардың және басқа қандай да гидротехникалық құрылыстардың) құрылысы мен пайдаланылуы және оларды пайдалануға байланысты жүргізілетін жұмыстар, руда емес құрылыс материалдарын өндіру көліктегі уәкілетті органның келісімімен жүзеге асырылады.

2. Ішкі су жолдарындағы құрылыстардың, соның ішінде салынып жатқан құрылыстардың иеленушілері уәкілетті органның келісімі бойынша өз есебінен навигациялық шырақтар мен белгілер, соның ішінде жүзбелілерін, басқа да құрал-жабдықтарды орнатуға және мемлекеттік стандарттар талабына сәйкес кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында олардың іс-қимылын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Көпірлердің және пайдаланып отырылған, сондай-ақ ішкі су жолдарында тұрғызылып жатқан басқа қандай да бір гидротехникалық құрылыстардың иеленушілері уәкілеттік органның келісімі бойынша кемелер мен басқа да жүзбелі құралдардың кедергісіз әрі қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз есебінен олардың келуіне қажетті су түбін тереңдету және су түбін тазалау жұмысын жүргізуге, кемелердің қауіпсіз жүріп өту үшін қажетті жайластыру мен бейімдеуді дайындап шығаруға, құруға және күтіп ұстауға, көтерілетін көпір қанаттарын ашуға және к ө т е р у г е м і н д е т т і .

4. Гидроэлектрстанциялардың және ішкі су жолдарындағы кідіріссіз және қауіпсіз кеме қатынасы үшін қажетті мұндай құрылыстардың жоғары және төмен учаскелеріндегі су деңгейін реттеуші су қысымымен жұмыс істейтін басқа да гидротехникалық құрылыстарды иеленушілер уәкілетті органмен келісілген су деңгейін қолдауға міндетті.

5. Ішкі су жолдарындағы су деңгейін реттеуші құрылыстарды пайдалану уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

6. Кеме қатынасы үшін пайдаланылатын өзендердегі және бірнеше мемлекеттің аумағынан өтетін өзендердегі кепілдендірілген тереңдік Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде белгіленеді.

10-бап. Ішкі су жолдарындағы акваторияларды, жағалау белдеулерін және жер учаскелерін пайдалану

1. Қалалық елді мекендер аумағынан тысқары орналасқан ішкі су жолдары шегінде кеме қатынасына байланысты жұмыстар үшін тұрақты жерпайдалануға өзінің түпкілікті жағалауынан бастап, жағалаудың түкпіріне және қолдан жасалған ішкі су жолдарындағы жобалық су деңгейіне дейін ені 20 метр жер белдеуі беріледі. Табиғи суайдында (көл) жағалау белдеуі жағалау түкпірі жағалау шетінен бастап белгіленеді.

Жағалау белдеуін пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

2. Уәкілетті орган кәсіпорнының:

1) кеме қатынасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу және осы мақсатта құрылыстар мен үй-жайлар тұрғызу үшін жағалау белдеуін пайдалануға;

2) ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне навигациялық құрал-жабдықтардың жағалау құралдарын орнатуға;

3) кеме қатынасының қауіпсіздігін, оның ішінде навигациялық құрал-жабдықтарының жағалау құралдарының көрініп тұруын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өзен салалары учаскелерін суретке түсіру кезінде геодезиялық негіздеме үшін жағалау белдеуінде өскен ағаштар мен бұталарды кесуді жүзеге асыруға.

Навигациялық құрал-жабдықтардың жағалау құралдарын орнату және олардың көрініп тұруын қамтамасыз ету үшін қию жұмыстарын жүргізу сонымен қатар жағалау белдеуі шегінен тысқары, Қазақстан Республикасының орман және су заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілуі мүмкін;

4) осы тармақта көрсетілген жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуінің шегіндегі топырақты, тасты, қиыршық тастарды, ағаштар мен бұталарды қайтарымсыз пайдалануға құқығы бар.

3. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің:

1) кемелердің және өзге де жүзбелі объектілердің айлаққа келуі, байланып қойылуы және тұрағына арналған уақытша бейімді құрылғылар мен жүзбелі құрылыстар салуға, жүктерді тиеуге, түсіруге және сақтауға, жолаушыларды кемеге отырғызуға және кемеден түсіруге рұқсат беруге;

2) уақытша құрылыстар салуға және кемелердің алдын ала болжанбаған қыстап қалуы немесе кемелермен көлік оқиғалары болуы жағдайларында басқа да қажетті жұмыстарды жүргізуге рұқсат беруге құқығы бар.

4. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуін уақытша жұмыстар жүргізу үшін пайдаланушы тұлғалар ол аяқталғаннан кейін жағалау белдеуін тазалауға және оны ж а й л а с т ы р у ғ а м і н д е т т і .

5. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне, навигациялықты қоспағанда кеме жүрісіне қарай бағытталған қандайда бір тұрақты шырақтар орнатуға тыйым салынады. Уақытша шырақтарды иеленушілер оларды орнатуды уәкілетті органмен келісуге және мұндай шырақтарды кеме жүрісі жағынан қоршауды қамтамасыз етуге тиісті.

6. Егер мұндай қызмет кеме қатынасының қамтамасыз етумен қиыспайтын болса,

шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру үшін жағалау белдеуін пайдалануға
ж о л б е р і л м е й д і .

7. Жағалау белдеуінде орналастырылатын объектілер құрылысын жобалау және қайта жөндеу уәкілетті органмен міндетті түрде келісуге жатады.

8. Мұндай учаскелер кеме қатынасы үшін пайдаланылатын жағдайда су учаскелерін балық аулау қажеттігі үшін пайдалануға уәкілетті органның келісім бойынша жол
б е р і л е д і .

9. Жағалау белдеуі шегінде орналасқан жер учаскелерін бөлу және ішкі су жолдары акваториясынан учаскелер бөлу, оларға қандай да бір құрылыстар тұрғызу уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген
т ә р т і п п е н жүзеге асырылады.

10. Кемелердің және басқа да жүзбелі құралдардың тұруына, жөндеуге, құрылысына арналған жағалау белдеуі мен су акваториясына іргелес учаске уәкілетті орган кәсіпорнының пайдалануында болады.

11. Қазақстан Республикасы шекаралық аймақтары учаскелеріндегі ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің келісімімен жүзеге асырылады.

12. Акваторияда және ішкі су жолдары шегіндегі жағалау белдеуінде ішкі су жолдары мен жағалау белдеуінің жай-күйіне теріс әсер ететін және (немесе) оларды пайдалануға қиындық туғызатын қадағалаусыз кемелерді, құрылыстарды қалдыруға тыйым салынады.

11-бап. Ішкі су жолдарына кереғар іс-әрекеттермен келтірілген зиянды өтеу

Навигациялық құрал-жабдықтар құралдарын, кеме қатынасы гидротехникалық құралдарын, кеме қатынастары мен басқа да объектілерді зақымдау немесе жою нәтижесінде заңды және жеке тұлғалардың келтірген зияны Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтелуге жатады.

3-тарау. Кеме

12-бап. Кемелерді біріздендіру құралдары

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын әрбір кеме мені өз атауы немесе нөмірі, сондай-ақ тізімге
а л у п у н к т і б о л у ғ а т и і с .

Кемелің атауын немесе нөмірін, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, оның меншік
и е с і б е р е д і .

2. Кемелі мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган оған біріздендірілген нөмір
б е р е д і .

3. Кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган кемеге шақыру дабылы беріледі. Кеменің техникалық жарактандыруына қарай оған сонымен қатар спутниктік байланыстың кеме секциясының біріздендірілген нөмірі және кеме станциясы іздеп шақыру нөмірі беріледі.

13-бап. Кеме құжаттары

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген және ішкі су жолдары бойынша кеме қатынасын жүзеге асырушы кемеді, тізбесі мен тәртібін уәкілетті орган айқындайтын, кеме құжаттары болуға тиіс.

2. Көшірмесі осындай куәлік берген орган немесе нотариус куәландыруға тиіс кемеге меншік құқығы туралы куәлікті қоспағанда, кеме құжаттары кемеді түпнұсқа түрінде болуға тиіс.

3. Теңізге шығатын немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеді сонымен қатар Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңдарда көзделген құжаттар болуға тиіс.

4. Шетел мемлекеттерінің Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында жүзуші кемелерінің Қазақстан Республикасы заңдарында және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген құжаттары болуға тиіс.

5. Кеме құжатының нысаны, оны беру мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

6. Шетел мемлекетінің жалауын қадап жүзуші және Қазақстан Республикасының портына кіруші немесе ішкі су жолдары бойынша жүріп өтуші кемені, кеме құжатын тану Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

14-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы

1. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарындағы кемеге тек Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзуге ғана жол беріледі. Шетел жалауын қадаған кемені, соның ішінде Қазақстанның ішкі су жолдары мен транзиттік өту мақсаты бойынша кеменің жүзуі Халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы:

1) Қазақстан Республикасының;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды және жеке тұлғаның меншігіндегі кемеге беріледі.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын пайдаланушы кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын алып жүруге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығын

пайдаланбайтын кемеде осындай жалауды көтергені үшін кінәлі тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап туындайды.

6. Кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік береді.

7. Кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде кемені мемлекеттік тіркеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімде көрсетілген мерзімге беріледі.

8. Меншікке Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде алынған кемелер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі мұндай құқықты куәландыратын уақытша куәлік берген күннен бастап кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін бір жылдан аспайтын уақытқа пайдаланады.

9. Кеме иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік жүзу құқығы туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған куәліктің дубликатын береді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы туралы куәлік дубликатын беру тәртібі кемені мемлекеттік тіркеу туралы ережемен белгіленеді.

10. Кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығарылған күннен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлік жүзу құқығын жоғалтады.

11. Уәкілетті орган шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы шетел мемлекетінің кеме тізілімінде тіркелген, қазақстандық жалға алушы экипажсыз жалға алған (бербоут-чартер) кемеге:

1) жалға алушы осы баптың 2-тармағына сәйкес кеме иесіне қойылған талаптарға жауап беретін;

2) кеме иесінің кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзуіне, ауысуына жазбаша нысанда келісім берген;

3) кеме иесі мемлекетінің заңдары кемеге шетел мемлекетінің жалауын көтеріп жүзу құқығын беруге тыйым салмайтын жағдайда уақытша берілуі мүмкін.

12. Осы баптың 11-тармағында көрсетілген кемеге екі жылдан аспайтын мерзімге, одан әрі қарай әрбір екі жыл сайын, бірақ жалдау шартының қолданыс мерзімінен аспайтын уақытқа, ұзарту құқығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

жалауын қадап жүзу құқығы берілуі мүмкін.

13. Кеме шетелдік тұлғаға экипажсыз жалға (бербоут-чартер) берілген жағдайда, кеме иесі осындай беруге жазбаша нысанда келісім берген және кеме мені жалға алушының мемлекетінің заңдары кемеге осындай мемлекеттің жалауын қадап жүзу құқығына жол берген жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы уақытша тоқтатылуы мүмкін.

Кеме мені шетел мемлекетінің жалауын қадап жүзуге ауыстыру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды. Кеме мені шетел мемлекетінің жалауын қадап жүзуге ауысу мүмкіндігінің мерзімі кеме мені жалдау шартының қолданыс мерзімімен айқындалады.

4-тарау. Кемеге меншік құқығы, кемелерді және оларға құқықты мемлекеттік тіркеу

15-бап. Кемеге меншік құқығы

1. Кеме Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының, оның ішінде шетел мемлекеттерінің, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, азаматтығы жоқ шетелдіктердің меншігінде бола алады.

2. Кемеге немесе кеме мені бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды және уәкілетті орган немесе аумақтық бөлімше берген куәлікпен расталады.

Кемеге меншік құқығы туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда кеме мені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган кеме иесінің өтініші бойынша оған көрсетілген құжаттың көшірмесін беруі мүмкін. Кемеге меншік құқығы туралы куәліктің көшірмесін беру тәртібі кемелерді және оларға құқықты мемлекеттік тіркеу ережелерімен белгіленеді.

3. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығы кил салу немесе сарапшының қорытындысымен расталған тең құрылыс жұмыстарын жүргізу жағдайында жасалып жатқан кемелер тізілімінде тіркелуі мүмкін. Жасалып жатқан кемеге меншік құқығын тіркеу кезінде тиісті куәлік беріледі.

4. Кеме иесінің, егер шартта басқаша көзделмесе, оны кеме мені сенімді басқару шарты бойынша сенімді басқарушыға кеме иесінің мүддесі үшін сыйақыға кеме мені басқаруды жүзеге асыру үшін беруге құқылы.

Кеме мені сенімді басқаруға беру оған меншік құқығының сенімді басқарушыға өтуін білдірмейді.

5. Кеме мені сенімді басқаруға беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында міндетті тіркеуге жатады.

6. Кемелерді басқару және оларды пайдалану саласында құзыретті тұлғалар сенімді басқарушы болуы мүмкін.

16-бап. Кемені және оған құқықты мемлекеттік тіркеу

1. Кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Осы Заңның 14-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығы уақытша берілген кеме жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жатады.

3. Кемені және оған құқықты мемлекеттік тіркеу дегеніміз мемлекеттің кемеге құқықтың пайда болуын, шектеуін, (мәжбүрлеуін), басқа біреуге өтуі немесе тоқтатылуын тану және дәлелдеу актісі болып табылады.

4. Кеменің мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде алым алынады.

5. Ішкі жүзудегі бас двигателінің қуаты кемінде 55 киловатт өз-өзінен жүретін өзен кемелерін және сыйымдылығы кемінде 80 тонна өз-өзінен жүрмейтін өзен кемелерін, сондай-ақ кез келген жолаушылар және сұйық тасымалының кемелерін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Уәкілетті орган сонымен қатар кеме кітабына шағын өлшемді спорттық желкенді және саяхат желкенді кемелерді, мұндай кеменің бас қозғалтқышының бар-жоғына әрі қуатына және сыйымдылығына қарамай, басқа да спорттық кемелерді ондағы жолаушы санына қарамай, соның ішінде бас двигателінің қуаты кемінде 55 киловатт спорттық және саяхаттық өз-өзінен жүретін кемені, сыйымдылығы кемінде 80 тонна киловатт спорттық және саяхаттық өз-өзінен жүрмейтін кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

7. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган, егер:

1) кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тиісті емес тұлғаға берілгенде;

2) кемені мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмегенде мемлекеттік тіркеуден бастартады.

8. Кемені мемлекеттік тіркеуден бас тартқандығы үшін мүдделі тұлғаның соттық тәртіппен шағымдануы мүмкін.

9. Егер кемеге меншік құқығы шетел мемлекетінің кеме тізіліміне тіркелген болса, онда ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеліне алмайды. Мұндай жағдайда кемеге меншік құқығын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркеу үшін меншік иесі кеменің шетелдің мемлекеттік кеме тізілімінен шығарылғандығы туралы көшірмені ұсынуға тиіс.

10. Шетелдің мемлекеттік кеме тізіліміне тіркелген кеме осындай кемеге осы Заңның 14-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын қадап жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім шыққан күннен бастап бір ай ішінде жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркелуге жатады.

17-бап. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері

1. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері:

- 1) мемлекеттік билік органдарының өз құзыреті шегінде шығарған актілері;
- 2) кемеге қатысты Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жасалған шарттар мен басқа да мәмілелер;
- 3) мұраға құқық туралы куәлік;
- 4) соттың заңды күшіне енген шешімі;
- 5) кемеге Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен берілген құқық туралы куәлік болып табылады.

2. Кемені мемлекеттік тіркеу үшін берілген құқықты белгілеуші құжаттың заңды күшін тексеруді кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган жүргізеді.

18-бап. Кемені мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) анкета;
- 2) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;
- 3) жүзуге жарамдығы туралы куәлік;
- 4) өлшеу куәліктері (аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелері үшін);
- 5) жіктелім куәлігі;
- 6) теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алымдар сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;
- 7) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін).

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген кемені мемлекеттік тіркеу кезінде кемені мемлекеттік тіркеу туралы кемені жалдаушының өтінішіне, осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) жалға алу шартының нотариалды расталған көшірмесі;
- 2) кеме иесінің және кеменің тіркелген ипотекасының кепілзат иесінің жазбаша рұқсаты немесе кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзуге көшіруге арналған оған мәжбүрлеу;
- 3) жалға алу шарты бойынша кемені қазақстандық жалдаушының атауы мен заңды мекен-жайын не аты мен тұрған жерін растайтын құжат;
- 4) шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы және осы кемені атауын белгілеу туралы уәкілеттік органның шешімі;
- 5) тікелей жалау ауыстырғанға дейін кеме тіркелген шетел мемлекетінің құзыретті

билік орындары берген және осындай мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығы кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзу құқығын берген мерзімге тоқтатылғанын растайтын құжат.

19-бап. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан

- :
- 1) күйреген немесе хабарсыз жоғалған;
 - 2) құрылысындағы ақау салдарынан күйреуге ұшыраған;
 - 3) қайта жасау немесе басқа да өзгеріс нәтижесінде сапасын жоғалтқан кеме;
 - 4) осы заңның 14-баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін жоғалта бастаған кеме шығарылуға жатады.

2. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан кемені шығарып тастау үшін иеленуші кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өтініш пен мұндай шығару үшін негіз болып табылатын себепті растайтын құжат беруге тиіс.

20-бап. Тіркелмеген кемені пайдаланғаны және кемелерді мемлекеттік тіркеу ережесін бұзғандығы үшін жауапкершілік

1. Белгіленген тәртіппен тіркелмеген кеме жүзуге жіберілмейді.
2. Тіркелмеген кемені пайдаланушы не оны кемелерді тіркеу және есепке алу ережесін бұза отырып тіркеген тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

21-бап. Кемені қамауға алу және мәжбүрлеп сату

Сот қуынымды кемені қамауға алуға шешім шығаруды немесе кемені атқару өндірісі тәртібімен мәжбүрлеп сатуды қамтамасыз ету туралы айқындама қабылдаған жағдайда, кемелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тіркеліміне тиісті жазба енгізеді. Кеменің меншік иесін кемені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган қуынымды қамтамасыз ету бойынша кемеге шаралар қолдану немесе қолдануды алып тастау туралы хабардар етуге тиіс.

5-тарау. Ішкі суларда жүзетін кеменің кепілі.

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы

22-бап. Ішкі суларда жүзетін кеменің кепілдігі, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасы

Ішкі суларда жүзетін кемең кепілдігі, кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасы сауда мақсатымен теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

6-тарау. Кеме экипажы

23-бап. Кеме экипажының құрамы

1. Кеме экипажы кемең командалық құрамы адамдарынан, кеме командасынан, ал жолаушы кемелерінде - сонымен қатар кеме жолаушыларына қызмет көрсетуші персоналдан тұрады.

2. Кемең командалық құрамында кеме капитаны, су түбін тереңдету немесе су түбін тазалау жабдықтарының командирі, олардың көмекшілері, механиктер мен электромеханиктер, механиктер мен электромеханиктердің көмекшілері, радиомамандар мен дәрігерлер кіреді.

3. Кеме командасы кемеді жұмыс істейтін, кеме командасы құрамына кірмейтін адамдар мен кеме жолаушыларына қызмет көрсететін персоналдан тұрады.

4. Өз-өзінен жүретін көлік кемесі экипажының ең төменгі құрамы белгілі бір тектегі кемең пайдалану талаптарына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, өз-өзінен жүретін көлік кемелері экипажының ең төменгі құрамы туралы ережемен белгіленеді.

5. Кеме экипажының құрамына кіретін адамдар кеме экипажы мүшелерінің тізіміне енгізілуге тиіс оны жүргізу кеме капитанының міндеті болып табылады.

24-бап. Кеме экипажы мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Кеме экипажы мүшелерінің лауазымдарына тағайындалуға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, кеме экипажды мүшелерін дипломдау туралы ережеде белгіленген тиісті диплом мен біліктілік куәлігімен расталған тиісті біліктілігі бар адамдар жіберіледі.

2. Кемедегі жұмысқа денсаулығы туралы мұндай жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысы бар адамдар жіберіледі.

3. Кеме экипажы құрамына кіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, кеме капитанының аға көмекшісі және радиомаман лауазымына тағайындала алмайды. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кеме экипажының құрамына кіру мүмкіндігінің шартын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган айқындайды.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты кеме қатынасын жүзеге асыратын кемедегі жұмысқа Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген теңізші паспорты бар адамдар жіберіледі.

25-бап. Кемедегі еңбек қатынастары

1. Кеме экипажының мүшелерін тағайындауды кемең иеленуші тек кеме капитанының келісімімен ғана жүзеге асырады.

2. Кеме экипажының мүшесін жұмысқа алу тәртібі, оның құқығы мен міндеттері, еңбек және төлем шарттары, сондай-ақ қызметтен босату тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарымен, осы Заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

3. Кемені иеленуші экипажының мүшесіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбектің қауіпсіз жағдайын, денсаулығы мен өмірін қорғауды, бақытсыз жағдайлардан сақтандыруды, құтқару құралдарының бар болуын, азық-түлікпен және сумен толассыз жабдықтауды, тиісті үй-жайлардың (каютаның, асхананың, санитарлық тораптардың, медициналық пункттердің, демалу үшін үй-жайлардың) болуын, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

4. Кеме экипажының мүшесі ол қызметтік міндеттерін атқару үстінде қаза болған немесе өмірі мен денсаулығына зиян келген жағдайда, кеме иеленуші кеме экипажының мұндай мүшесіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге міндетті.

5. Кеме экипажының кез келген мүшесінің жеке пайдалануына арналған мүлкін кемеде алып жүруге құқылы. Кемемен болған оқиға салдарынан мұндай мүлік жойылған немесе зақымдалған жағдайда кемені иеленуші кеме экипажы мүшесіне келтірілген залалды өтеуге міндетті.

Кеме апатына кінәлі экипаж мүшесінің мүлкіне келтірілген залал өтелуге жатпайды.

26-бап. Кеме экипажы мүшесінің ол жұмысқа қабылданған жерге оралуы

1. Кемені иеленуші:

1) кеме күйреген;

2) кеме экипажының мүшесі ауырып немесе жарақат алып, кемеден тысқары жерде емделу талап етілген;

3) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарына сәйкес еңбек шарты (келісім-шарт) тоқтатылған, соның ішінде белгілі бір мерзімде жасалған еңбек шартының (келісім-шарттың) қолданыс мерзімі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде аяқталған;

4) кемені иеленушінің кеме экипажының мүшесіне қатысты, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе еңбек шартында (келісім шартта) көзделген өз міндеттерін, кеме иеленушінің дәрменсіздігі (банкротқа ұшырауы), кемені сату немесе мемлекеттің кеме тіркеуін өзгертуі салдарынан, орындау мүмкіндігі болмаған;

5) кеме экипажы мүшесінің келісімінсіз әскери іс-қимыл аймағына немесе індетті қауіпті аймаққа бағыттаған жағдайда, өз есебінен кеме экипажы мүшесінің кеме экипажы мүшесін жұмысқа қабылдаған жерге немесе тараптар келіскен жерге, оның салмағы 30 килограммға дейінгі мүлкімен оралуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажы мүшесінің жұмысқа алынған жерге оралуының себебі олардың еңбек шартын (келісім-шартты) бұзуы болып табылатын жағдайда кемені иеленуші бұл

экипаж мүшесінен мұндай оралуға байланысты шығыстарды, Қазақстан Республикасы заңдарына және еңбек шартына (келісім-шартқа) сәйкес толық немесе ішінара өндіріп алуға құқылы.

27-бап. Кеме капитаны

1. Кеме капитаны біліктілік деңгейі қойылған талаптарға сәйкес тек қана Қазақстан Республикасының азаматы бола алады.

Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын, оларды аттестациялау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Кеме капитанына кеме мені басқару, соның ішінде кеме жүргізу, кеме мені қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану, кемедегі тәртіпті қолдау, қоршаған ортаны қорғау, кемеге, кемедегі адам мен жүкке келтірілетін зиянның алдын алу жүктеледі.

3. Кеме иесі, жүк жөнелтуші немесе оның заңды өкілдері болмаған кезде кемеге, жүкке немесе кеме қатынасынан қатысты қажетті мәміле жасасу кезінде, сондай-ақ кемедегі мүлікке қатысты құным берілген жағдайда, кеме капитаны кеме иесі және жүк жөнелтуші өкілі болып табылады.

4. Кеме капитанының пікірі бойынша кемеге анық күйреу қаупі төнген жағдайда, кеме капитаны кемедегі жолаушыларды құтқару жөніндегі барлық шараны қолданғаннан кейін экипаж мүшелерінің кеме мені тастап шығуына рұқсат етеді. Кеме капитаны кемеден ең соңғы болып, кеме журналын машиналық журнал мен радиожурналды, аталған рейстің картасын, навигациялық аспап таспаларын, құжаттар мен құнды заттарды құтқару жөнінде өзіне қатысты шараны қолданғаннан кейін тастап шығады.

5. Кеме мені иеленушіге капитанның осы баптың 4-тармағында көзделген кеме капитанының міндеттерін бұзғандығы үшін жауапкершілік жүктелмейді.

28-бап. Кеме капитанының құқығы мен міндеттері

1. Кеме капитаны, егер ол мұны өз кемесіне және ондағы адамдарға айтарлықтай қауіпсіз жасай алса, суда апатқа ұшыраған кез келген адамға көмек көрсетуге міндетті.

2. Соқтығысқан кемелері әрқайсысының капитаны осы кеме соқтығысына қатысқан басқасына, оның жолаушыларына және оның экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге міндетті. Соқтығысқан кемелердің капитандары бір-біріне өз кемелерінің атауларын хабарлауға міндетті.

3. Кеме капитанының оның құзыреті шегіндегі өкімін кемедегі адамдардың барлығы орындауға тиіс.

4. Кеме капитанының ішкі су көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысында, тәртіп туралы Жарлықта көзделген жағдай мен тәртіпте кеме экипажы мүшелерін ынталандыруға және тәртіптік жаза қолдануға, оларды қызметтік міндетті атқарудан шеттетуге құқығы бар.

5. Кеме капитанының Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында

көзделгендей, іс-қимылында қылмыстық белгілер жоқ, бірақ кемең немесе ондағы адамдар мен мүліктердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін адамды оқшаулауға құқығы бар.

6. Жүздегі кемеде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында көрсетілген қылмыстық белгілер байқалған жағдайда, кеме капитаны бұл туралы құзыретті органдарға дереу хабарлап, осындай қылмысты жасауға күдікті адамды оны жақын маңайдағы порттың немесе жақын маңайдағы елді мекендегі құзыретті органға бергенге дейін ұстауға міндетті.

7. Кемеге құқыққа қарсы іс-әрекет жасау мақсатында адамдардың шабуылы жағдайында, кеме капитаны ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының келісімі бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әрекет етуге міндетті.

8. Кемеде бала туудың әрбір жағдайында немесе кемедегі өлімнің әрбір жағдайында капитан екі куәгермен, егер ол кемеде бар болса, дәрігердің қатысуымен тиісті акт жасауға, сондай-ақ кеме журналына жазба енгізуге міндетті.

9. Кеме капитаны кеме иеленушіні кемедегі өлім жағдайы туралы хабардар етуге және өлген адамның мәйітін сақтау әрі оны туысқандарына немесе жақын маңайдағы порттағы порттың билік орындарына беру жөнінде шара қолдануға міндетті.

10. Кеме капитаны өлген адамның кемедегі мүлкіне, мұндай мүлікті жасалған тізімге сәйкес өлген адамның туысқандарына немесе жақын маңайдағы порттағы порттың билік орындарына бергенге дейін, тізім жасауға және оның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

11. Кеме экипажы мүшесінің немесе жолаушының қаза болу мүмкіндігіне жол беретін, оның жоғалып кетуі жағдайында кеме капитаны бұл туралы кеме журналына жазуға, бұл туралы акт жасауға, сондай-ақ жоғалып кеткен кеме экипажы мүшесі мен жоғалып кеткен кемедегі мүлікке тізім жасап, аталған актімен мүлікті жақын маңайдағы порттағы порттың билік орындарына беруге міндетті.

12. Кеме капитаны жүзу кезінде кемеде болған адамның аманатын куәландыруға құқылы. Кеме капитаны куәландырған аманат нотариалдық куәландырумен теңестіріледі.

13. Кеме экипажы мүшесі немесе жолаушы кеме жүзде болған уақытта көрсетуі мүмкін болмайтын кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді қажет еткен жағдайда кеме капитаны бұл туралы кеме иесін, кеме капитанын хабардар ете отырып (мұндай болған кезде), ал кеме шетелдік портқа кірген кезде Қазақстан Республикасының консулы мен кеме иеленушінің агентін хабардар ете отырып (шетел портында осындай агенттің болуы кезінде), жақын маңайдағы портқа кіруге міндетті.

14. Кеме капитаны қайтыс болған, ауырған немесе кеме капитанына өз қызметтік міндеттерін орындауға кедергі өзге себептер жағдайында, кеме капитанының міндеттері кеме иеленушінің өкімін алғанға дейін, кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеледі.

29-бап. Рейсті жалғастыру үшін ақшаға кезек күттірмейтін қажеттілік

1. Рейс кезінде кеме капитаны алдын ала болжай алмаған және одан шығу жолы өзіне байланысты емес, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар, рейсті жалғастыруға кедергі келтіретін техникалық ақаулар салдарынан рейсті жалғастыру үшін ақшаға кезек күттірмейтін қажеттілік туындаған кезде кеме капитаны, егер оның кемені иеленушіден өкім алу үшін мүмкіндігі немесе уақыты болмаса, рейсті жалғастыру үшін қажетті мүліктерді қоспағанда, өзіне сеніп тапсырылған мүліктің бір бөлігін, және азық-түлік тағамдары, қорының бір бөлігін сатуға құқылы. Бұл ретте кеме капитаны рейсті жалғастыру үшін кеме иесіне неғұрлым аз залал келетін тәсілді таңдап алуға міндетті.

2. Кеме капитанына осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықты қолдану кезінде бұзушылық жібергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

7-тарау. Кеме қатынасының қауіпсіздігі

30-бап. Жалпы ережелер

1. Кемені жүзуге дайындау кемені иеленушінің міндеті болып табылады.

Кеме, егер кеме экипажы тиісті түрде жарақтандырумен қамтамасыз етілсе және ол кеме қатынасы қауіпсіздігін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы ішкі су жолдары саласындағы заңдарда белгіленген экологиялық-санитарлық, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап берсе, жүзуге жарамды деп есептеледі. Кеме, егер кеме экипажының құрамы кеме жүзуге аттанар күні өз-өзінен жүретін көлік кемелері экипажының ең аз құрамы туралы уәкілетті орган белгілеген талап етумен белгіленгендегіден саны жағынан кем екендігі белгілі болса, жүзуге жіберілмейді.

2. К е м е и е л е н у ш і :

- 1) кемелерді қауіпсіз пайдалануға жауапты адамды тағайындауға;
- 2) кемелерді пайдаланудың қауіпсіз тәжірибесін қамтамасыз етуге;
- 3) кеме экипажы мүшелерінің, кеме қатынасы қауіпсіздігі саласындағы басқа да қызметкерлері дағдысын ұдайы жақсартуға;
- 4) кеме экипажын жарақтандыруды қамтамасыз етуге және осы Заңда белгіленген кеме қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуге тиіс, кемені техникалық жай-күйінде ұ с т а у ғ а м і н д е т т і .

Кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтамағаны үшін кемені иеленушіге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

3. Уәкілетті орган кәсіпорны кеме қатынасы қауіпсіздігін жүзеге асыру үшін:

- 1) ішкі су жолдарын, су жолдарындағы кеме қатынасының жай-күйін қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысқа

с ә й к е с

к ү т і п

ұ с т а у д ы ;

2) кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерді шлюз арқылы өткізуді жүзеге асырады.

4. Ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық басқа қандай да бір құрылысты иеленуші кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайдың туындағаны туралы тиісті шара қолдану үшін уәкілеттік органның аумақтық бөлімшесін дер кезінде х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

5. Кеме қатынасының қауіпсіздік бақылауды уәкілетті орган өзінің аумақтық бөлімшелері арқылы жүзеге асырады.

6. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерге және ішкі су жолдарындағы құрылыстарға, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тексеру жүргізуге, кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына жауап бермейтін кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерді ұстап тұруға, кемелер мен өзге де жүзбелі объектілерде кеме қауіпсіздігіне қауіп-қатер болған кезде олардың қызметін тоқтатуға тұрып, қозғалысына тыйым салуға құқығы бар.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының және Кеме қатынасы тіркелімінің нұсқамасы ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғаның орындауы үшін міндетті болып табылады.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауын көтеріп жүзуші теңіз кемесі немесе шетел мемлекетінің жалауын қадап жүзуші кеме ішкі су жолдарына кірген кезде қадағалау органы, кеме қатынасының қауіпсіздігі үшін, олардың ішкі су жолдары бойынша жүзуші кемелермен бірдей негізде тиісті тексеруге алуы мүмкін.

31-бап. Кемеге техникалық қадағалау жасау және кемелерді жіктеу

1. Кемеге техникалық қадағалау жасауды және кемелерді жіктеуді уәкілетті орган жүзеге асырады .

2. Техникалық қадағалау жасау мен кемелерді жіктеуге мыналар жатады:

1) ішкі жүзудегі бас қозғалтқышының қуаты кемінде 55 киловатт өз-өзінен жүретін өзен кемелері, сиымдылығы 80 тонна өз-өзінен жүрмейтін өзен кемелері, барлық жолаушылар және сұйық таситын кемелер, ішкі су жолдарындағы паром өткелдері мен жүзбелі көпірлер, аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелері;

2) қозғалтқышының бар-жоғына және әрі мұндай кемелердің сиымдылығына қарамай, спорттық желкенді және саяхаттық желкенді шағын өлшемді кемелер, ондағы жолаушылар санына қарамай, басқа да спорттық, саяхаттық кемелер, соның және бас қозғалтқышының қуаты 55 киловатт спорттық және саяхаттық өз-өзінен жүретін кемелер, сиымдылығы кемінде 80 тонна спорттық және саяхаттық өз-өзінен жүрмейтін кемелер .

3. Кеме қатынасы тіркелімі уәкілетті орган бекітетін техникалық қадағалау жүзеге асырылуға тиіс, кемені жобалау, жасау, жөндеу және іске пайдалану туралы ережені және кемеге орнату үшін материалдар мен бұйымдар дайындау туралы ережені

ә з і р л е й д і .

4. Кеме қатынасы тіркелімінің осы баптың 3-тармағында көрсетілген ережені орындалмаған кезде кемеңі, кеме тетіктері, құрылғылар мен техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салуға, сондай-ақ кемеңі, пайдалануға рұқсат ететін құжат бермеуге немесе бұрын берілгенін жоюға құқығы бар.

32-бап. Кемеңі пайдалану қауіпсіздігіне бақылау жасау

1. Ішкі су жолдарында ішкі жүзудегі өз-өзінен жүретін және өз-өзінен жүрмейтін кемелерді, оларды қозғаушылардың түріне, бас двигателінің қуатына және мұндай кемеңің сиймдылығына қарамай, ішкі су жолдарында пайдаланылатын жолаушылар, саяхаттық, спорттық және сұйық таситын кемелерді, соның ішінде шағын көлемді флоттарды пайдалану қауіпсіздігіне бақылауды уәкілетті органның аумақтық б ө л і м ш е с і жү з е г е а с ы р а д ы .

2 . У ә к і л е т т і о р г а н ы :

1) ішкі су жолдарындағы кемемен болған көлік оқиғаларын тексеру мен жіктеуді;
2) кемеңің жүрісін тиісінше ұстауын және навигациялық құрал-жабдықтар құралдарын бақылауды жүзеге асырады.

3. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының кемеңі пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы нұсқамасы ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеңі иеленушінің, кеме экипажы мүшелерінің заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

33-бап. Порт капитаны жүзеге асыратын бақылау мен өкілеттіктер

1. Кеме қатынасының қауіпсіздігін және теңіз портындағы тәртіпті қадағалауды, соның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының, шетел кемелерінің кіруі үшін ашық порттағы, сондай-ақ өзен құйылысында орналасқан порттағы сауда мақсатымен теңізде жүзу туралы заңдар мен ережелердің сақталуына қадағалауды уәкілетті орган бекіткен өзен (өзен құйылысы) портының капитаны туралы ережеге сәйкес порт капитаны жүзеге асырады.

2. Порт капитандары кеме қатынасы қауіпсіздігі мен порттардағы тәртіптің қамтамасыз етілуін қадағалауды жүзеге асыратын порттардың тізбесін уәкілетті орган б е л г і л е й д і .

3. Порт капитанын қолданыстағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Порт капитанының оның құзыретіне қатысты өкімі порттағы кемелерге, заңды және жеке тұлғаларға міндетті.

5. Порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кемелерге бақылауды, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, порттағы қызметті ұйымдастыру әрі реттеу өкілдігін жүзеге асырады.

6. Порт капитанның талабы бойынша порттағы кеме капитандары, өзге де жүзу

объектілерін иеленушілер, сондай-ақ портта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар портта апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқаруға қатысуға міндетті.

34-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бақылау

1. Кемелерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе
о т ы р ы п :

1) ішкі су жолдарында табиғатты қорғау мақсатындағы объектілердің қызмет аймағындағы олардың орналасуына және жұмыс істеуіне бақылауды;

2) кеме иеленушілері мен кеме капитандарына экологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша ақпараттық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

3. Тұрғындардың аман-саулығының санитарлық-эпидемиологиялық саласында уәкілетті органдар ішкі су көлігінің қызметіндегі санитарлық ережелер мен нормалардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.

35-бап. Кемені лоцмандық алып өту

1. Ішкі су жолдары бойынша кеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кемемен болатын көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында лоцмандық алып өту
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Кемелерді лоцмандық алып өту бойынша қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының
Үкіметі бекітеді.

2. Кемені лоцмандық алып өтуді лоцмандар жүзеге асырады.

Лоцман ретінде жұмысқа уәкілетті орган белгілеген лоцмандық қызмет туралы ереже талаптарын қанағаттандыратын Қазақстан Республикасының азаматы жіберілуі
м ү м к і н .

3. Міндетті лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің, кеме түрлері мен көлемдерінің тізбе су уәкілетті орган белгілейді.

4. Егер бұл кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажет болған жағдайда лоцманның кемені лоцмандық алып өтуді кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдай басталғанға дейін тоқтата тұруға құқылы.

5. Лоцманның кемеде болуы кеме капитанының кемені басқару жауапкершілік босатпайды. Лоцман ұсынымдарының дұрыстығына күдік келтіру үшін жеткілікті негіздер болғанда, кеме капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, аталған лоцманның қызмет көрсетумен бас тартуға құқылы. Кемені лоцмандық алып өту міндетті болып табылған жағдайда, кеме капитаны аталған лоцманды алмастыруды талап етуге тиіс.

6. Лоцманның кінәсінен кемені иеленушіге келтірілген зиян үшін жауапкершілік

кемені иеленушіге зиян келтірілген сәтте лоцман еңбек қатынасында тұрған мемлекеттік лоцмандық қызметке немесе кемені лоцмандық алып өту жөніндегі мемлекеттік емес ұйымға жүктеледі.

Лоцмандық қызмет және кемені лоцмандық алып өту жөніндегі мемлекеттік емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лоцманның кінәсімен кемені иеленушіге келтірілуі мүмкін зиянды өтеу жағдайында өзінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

7. Шетел мемлекетінің жалауын қадап жүзу кеме ішкі су жолдарының бүкіл өнбойында, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, міндетті лоцмандық алып өтуге жатады.

8. Кемені лоцмандық алып өту кезінде лоцман уәкілетті органның аумақтық б ө л і м ш е с і н е :

1) кеме қатынасының қауіпсіздігіне қатер төнуі мүмкін кеме жүрісінің кез-келген өзгерісі ;

2) лоцмандық алып өтуді өзі жүзеге асыратын кемемен, және ішкі су жолдарының өзі қызмет көрсететін учаскесіндегі басқа да кемелермен болған кез-келген көлік о қ и ғ а л а р ы ;

3) өзі лоцмандық алып өтуді жүзеге асырып отырған кеменің капитанының кеменің жүзу ережесі мен ішкі су жолдарын кемелерден аққан сарқынды және құрамында мұнай бар сулармен ластаудың алдын алу ережесін орындамағаны туралы дереу х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

9. Кемені қауіпсіз алып өтуді қамтамасыз ету саласындағы кемені лоцмандық алып өту жөніндегі лоцмандық қызметтің қызметін қадағалауды уәкілеттік орган жүзеге асырады.

36-бап. Кемелер қозғалысын шектеу немесе тыйым салу

Еңсерілмес күш жағдайлары, өзге де апатты сипаттағы құбылыстар мен әскери іс-қимылдар туындаған жағдайларда, сондай-ақ портта жүктер мен кемелердің шамадан тыс шоғырлануы кезінде және кеме қатынасы қауіпсіздігін, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, жүктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі кеме қозғалысын шектеу немесе тыйым салу туралы, сондай-ақ белгілі бір учаскелердегі немесе ішкі су жолдарының белгілі бір бағыттарындағы судың төмен деңгейінің салдарынан олардың отырып қалуын шектеу туралы шешім қабылдап, бұл туралы мұндай шектеудің қолданыс мерзімдері туралы шешім қабылдайтын уәкілетті органды дереу хабардар етуге құқылы. Кемелер қозғалысын бес тәуліктен артық мерзімге шектеу немесе тыйым салу жағдайында уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметін дереу хабардар етеді. Қабылданған шешім туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі кемелер қозғалысын шектеу

немесе тыйым салуды енгізудің себептері мен мерзімдерін көрсете отырып, жүктерді тасымалдау ережесінде белгіленген тәртіппен тасымалдаушыларды, жүк жөнелтушілерді, жүк алушыларды хабардар етеді.

8-тарау. Суға батқан мүлік

37-бап. Осы тарауда белгіленген ережелердің қолданылу аясы

1. Суға батқан мүлікке күйреуге ұшыраған кеме, олардың сынықтары, құрал-жабдықтар, жүктер және олардың ішкі су жолдарының шегінде жүзіп жүргеніне немесе су астында, су түбінде болғандығына не саяз суларға немесе жағаға шығып қалғанына қарамай, басқа да заттар жатады.

2. Осы бөлімде белгіленген нормалар:

- 1) суға батқан әскери мүлікті көтеруге, аластауға және жоюға;
- 2) егер мұндай мүлік ішкі су жолдарының шегінде су түбінде жатса, суға батқан мәдени сипаттағы археологиялық немесе тарихи мәні бар мүліктерді көтеруге қолданылмайды.

38-бап. Суға батқан мүлікті оның иесінің көтеруі

1. Суға батқан мүліктің иесі мұндай мүлікті көтеру туралы өзінің ниетін мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде уәкілеттік органға хабарлауға тиіс.

2. Уәкілеттік орган суға батқан мүлік иесінің өтінішін алған күннен бастап, үш ай ішінде меншік иесі үшін көтеру тәртібін, сондай-ақ суға батқан мүлікті көтеру үшін жеткілікті, меншік иесінің суға батқан мүлікті көтеру тәртібі мен мерзімі туралы уәкілетті органнан хабар алған күнінен бастап кемінде бір жыл мерзім белгілейді.

39-бап. Меншік иесінің суға батқан мүлікті көтеру міндеті

1. Суға батқан мүлік кеме қатынасының қауіпсіздігіне немесе қоршаған ортаны лаस्ताумен залал келтіру қатерін төндірген, не биологиялық су ресурстары кәсіпшілігін, ішкі су көлігінде қызметті және ішкі су жолдары шегінде жол жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыруға кедергі келтірген жағдайда, суға батқан мүлік иесі уәкілеттік органның талабы бойынша оған берілген мерзім ішінде суға батқан мүлікті көтеруге, ал қажет жағдайда оны аластауға немесе жоюға міндетті.

2. Суға батқан мүлік иесі белгілі жағдайда уәкілеттік орган оны өз шешімі туралы х а б а р д а р е т е д і .

Суға батқан мүлік иесі белгісіз жағдайда уәкілеттік орган бұқаралық ақпарат құралдарында суға батқан мүлікті көтеру үшін белгілеген мерзім туралы мәліметті ж а р и я л а й д ы .

3. Суға батқан мүлік иесі осы Заңның 38-бабының 1-тармағына сәйкес өтініш жасамаған немесе осы Заңның 31-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген мерзімде

мүлікті көтермеген жағдайда, меншік иесінің суға батқан мүлікке құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

40-бап. Суға батқан мүлікті уәкілетті орган кәсіпорнының көтеруі, аластауы немесе жоюы

1. Уәкілетті орган кәсіпорнының:

1) суға батқан мүлік иесі осы Заңның 39-бабы 1-тармағына сәйкес суға батқан мүлікті көтеруге немесе қажет болған кезде, не суға батқан мүлік иесі анықталмаған немесе суға батқан мүлікті көтермеген және қажет кезінде оны белгіленген мерзімде аластамаған немесе жоймаған кезде оны аластауға немесе жоюға міндетті;

2) суға батқан мүлік кеме қатынасы қауіпсіздігіне айтарлықтай және тікелей қатер немесе қоршаған ортаны ластаумен тікелей елеулі қатер төндірген не биологиялық су ресурстары кәсіпшілігін жүзеге асыруға, ішкі су көлігі қызметіне және ішкі су жолдары жол жұмыстарын жүргізуге елеулі кедергі келтірген;

3) суға батқан мүлік иесінің оны өз құралдарымен не өзі таңдаған кеме көтеру ұйымдарының құралдарымен көтеруге, аластауға не жоюға рұқсат етпеуге жеткілікті негіздер бар болған жағдайда суға батқан мүлікті көтеруге, ал қажет кезде аластауға және жоюға құқығы бар.

2. Егер суға батқан мүлік иесі белгілі болса, онда осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайда, мұндай мүлікті көтеру, аластау және жою осындай мүлік есебінен жүзеге асырылады.

3. Егер суға батқан мүлік көтерілген сәттен бастап кемінде бір жыл өтпеген жағдайда, оның иесі суға батқан мүлікті көтеруге кеткен шығыстарды және осы шығыстарға байланысты келтірілген шығыстарды өтегеннен кейін, осы баптың 1-тармағына сәйкес көтерілген суға батқан мүлікті талап етуі мүмкін.

41-бап. Уәкілетті орган кәсіпорнының өзі келтірген шығыстарды толық өтеу құқығы

Осы Заңның 40-бабының 3-тармағында көзделген мерзімнің өтуі бойынша уәкілетті орган кәсіпорнының суға батқан мүлікті иесіз деп таныған кезде:

1) көтерілген суға батқан мүлікті немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен сатып, оны сатудан түскен сома есебінен көтеруге кеткен шығыстарды және осы шығыстарға байланысты келтірілген басқа шығыстарды да өтеуге;

2) суға батқан мүлік иесінен оны сатудан түскен сомамен жабылмаған шығыстарды өндіріп алуға, ал суға батқан мүлікті жою кезінде осындай мүлікті жоюға байланысты келтірілген шығыстарды өндіріп алуға құқығы бар.

42-бап. Суға батқан мүлікті кездейсоқ көтеру

Кеме қатынасына байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде ішкі су жолдары шектерінде кездейсоқ көтерілген суға батқан мүлік мұндай мүлікке қатысты

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген шаралар қабылдауға міндетті уәкілетті органға өткізілуге тиіс.

9-тарау. Порттар

43-бап. Өзен (саға) портының құқықтық мәртебесі

1. Порттардың мемлекет меншігінде, сондай-ақ азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін.

Ішкі су жолдарындағы порттар ортақ пайдалану объектілері болып табылады және мақсатына қарай бөлінеді.

2. Порттардың жағалау белдеуінің акваториясы мен жері мемлекеттік меншік болып табылады. Порт үшін жер учаскесін беру, сондай-ақ бұл учаскелерді қайтарып алу Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Мемлекеттік порттардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Мемлекеттік порттардың құрылысы, қайта жөнделуі үшін жер учаскелері шығындарды толық көлемде өтеу арқылы, сондай-ақ басқа жер учаскесін беру жолымен Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қойылуы мүмкін.

5. Шетел кемелерінің Қазақстан Республикасының портына кіруі және оларға қызмет көрсету халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

44-бап. Порт аумағы мен акваториясы

1. Порт аумағын Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес портқа бөлінген жер учаскелері, соның ішінде оның болашақтағы дамуы үшін қажетті аймақтар құрайды.

2. Порт акваториясын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен портқа бөлінген ішкі су жолдары шегіндегі акватория учаскесі, соның ішінде рейдтер мен портқа кірер жерлерді құрайды. Порт акваториясының шекарасын белгілеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

45-бап. Портты пайдалануға қойылатын негізгі талаптар

1. Порт айлақтарының иеленушісі кемелер үшін қауіпсіз кіруді, кемелердің мұндай айлақтардағы қауіпсіз тұрағын қамтамасыз етуге, олардың қоймалары, жүк көлемін айқындауға арналған құралдары, жүк тиегіш - жүк түсіргіш құрал-жабдықтары, жолаушылардың, соның ішінде мүгедектер үшін кемеге отырғызуға, түсіруге және кеменің келуін күтуге арналған бейімдегіштері, ал қажетті жағдайда портқа вагондарды беру әрі жинау және порттан вагондарды әкету үшін теміржол кіреберіс жолдары болуға тиіс.

2. Порт гидрокұрылыстары, навигациялық және гидрографиялық құрал-жабдықтар, жүкті қайта тиеу кешендері, айлақтар, қызметтік ғимараттар және портта орналасқан

әрі қолданылатын басқа да мүліктер портты иеленушінің есебінен күтіп ұсталады.

3. Порттарда қоршаған ортаны қорғауға, шаруашылық-тұрмыстық және құрамында мұнай бар суларды, басқа да қалдықтарды қабылдауға әрі өңдеуге арналған құралдар, сондай-ақ порт акваториясы шегінде кемелерді құтқару әрі өртті сөндіру жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға арналған құралдар болуға тиіс.

46-бап. Порттағы қызметті жүзеге асыру

1. Порттағы қызметті жүзеге асыру ережесін уәкілетті орган бекітеді және мынадай тәртіпте болуы тиіс:

- 1) порттың белгіленген шекарасының сипаттамасы;
- 2) кемелердің портқа кіруі және порттан шығуы;
- 3) кемелердің порт акваториясы шегінде жүзуі және олардың портта тұруы;
- 4) порттағы қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету;
- 5) ішкі су көлігі ұйымдарының технологиялық байланысты пайдалануы.

47-бап. Өзен портында (сағалық) көрсетілетін қызметтер

1. Өзен (сағалық) порты кемелердің келу кезегіне қарай оларға тиеуді (түсіруді) және қызмет көрсетуді, жүктермен көлік-экспедиторлық және қоймалық қызметтерді, көліктің басқа түрлерінен ішкі су көлігіне жүктерді ауыстырып тиеуді және керісінше, жолаушылар кемелеріне қызмет көрсетуді, сондай-ақ порт кемелерінде және көліктің басқа түрлерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Порттың міндетті қызметтер көрсетуінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Порттың міндетті қызметтер көрсетуіне бағалар (тарифтер) және олардың шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Міндетті тізбесіне кірмейтін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарттармен белгіленеді.

48-бап. Порт әкімшілігі

1. Шетел кемелерінің кіруіне және қызмет көрсетуіне ашық порттарда, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзуге мемлекеттік қадағалау жүзеге асырылатын, өзен сағаларында орналасқан порттарда уәкілетті органның шешімі бойынша порт әкімшілігінің функциясы өз қызметін қолданылып жүрген заңнамаға және уәкілетті орган бекіткен ережеге сәйкес жүзеге асыратын порт капитанына жүктеледі.

2. Порт капитанының негізгі міндеттері мен функциялары кеме қатынасының қауіпсіздігі мен порт айдынындағы жұмысты қамтамасыз ету, тиісті мемлекеттік органдармен ынтымақтасу, порт айдынын мұнаймен ластануын болдырмау және салдарын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру, төтенше жағдайларды болдырмау және жою бойынша шараларды жүзеге асыру кемелерден

қалдықтарды қабылдау және өңдеуді ұйымдастыру, порт айдыны шегінде кемелерді құтқару және порттағы кемелерде өрттерді жою бойынша жұмыстарды жүзеге асыру, порт қызметі туралы статистикалық деректер беру болып табылады.

10-тарау. Кемелерді жалдау

49-бап. Жалпы ережелер

1. Ішкі су көлігінде кемені жалдау Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Осы бөлімде белгіленген ереже, егер жалдау шартында өзгеше белгіленбесе, қолданылады.

2. Кемені жалдау жалға беруші - кемені жалға беруші тұлға мен жалдаушы - кемені жалға алушы тұлға арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

3. Кемені экипажымен жалдау сонымен қатар жалға берушінің кемені жалға алушыға кемені және оны техникалық пайдалануды басқару жөніндегі қызмет көрсетуді де беруді көздейді.

4. Кемені экипажсыз жалдауға жалға берушіге кеме мен оны техникалық пайдалануды басқару жөнінде қызмет көрсету кірмейді.

5. Жалға алушыға үшінші жақ тарапынан жалға алынған кемеге байланысты талаптардан туындайтын жаза қолдануға жол берілмейді.

6. Жалдау шарты қолданыстағы уақытта кемені иеліктен айыру аталған шарт қолданысының тоқтатылуы болып табылмайды, және жаңа меншік иесі мұндай шартта көзделген барлық құқық пен міндеттерді, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен, иеленеді. Бұл ретте кемені иеленуден айырылған тұлға кемеге меншік құқығын иеленуші тұлғаны иеліктен айырылған кемеге қатысты жасалған жалдаудың барлық шарттары туралы хабардар етуге міндетті. Кемеге меншік құқығын иеленген тұлғаның міндеті аталған кемені барлық жалға алушыларын меншіктің ауысуы туралы хабардар ету болып табылады.

7. Кемені жалға беруді және жалдау шарты қолданысының мерзімі өтуі бойынша кемені қайтаруды жалдау шартында көрсетілген жерде жалға беруші мен жалға алушы жүзеге асырады. Кемені көрсетілген жерге жеткізуге байланысты шығыстар, егер шартта өзгеше көзделмесе, кемені беруші тарапқа жүктеледі.

8. Жалдау шартында кемені жалға алушының иелігіне, мұндай мерзімнің басталуы мен аяқталу күні көрсетіліп, беру мерзімі көзделеді. Жалға алушы кемені өз иелігіне мұндай мерзімнің басталу күнінен ерте алуға тиісті емес. Жалға алушы кемені өз иелігіне мұндай мерзімнің аяқталу күні өткенге дейін алуға міндетті. Мұндай мерзімнің аяқталу күні біткені бойынша кеме жалға алушының иелігіне берілмеген жағдайда оның жалдау шартын бұзуды талап етуге құқығы бар. Сонымен қатар жалға беруші де егер мұндай мерзімнің аяқталу күнінің бітуі бойынша жалға алушы кемені қабылдасаса, жалдау шартын бұзуға құқылы.

Жалдау шартын өзгерту және бұзу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

9. Телжалдау шартын жасасу кезінде кемені беруші тұлға кеме телжалдауға берілетін тұлғаға қатысты жалға берушілер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқық пен міндеттерді иеленеді, бірақ бұл ретте Қазақстан Республикасының заңдарында және бұл кеме жалға немесе телжалға қабылданған тұлғаға қатысты жалдау шартында көзделген құқық пен міндеттер сақталады.

50-бап. Кемені экипажымен жалға беру кезіндегі жалға берушінің құқығы мен міндеттері

1. Жалға беруші жалдау шартында көзделген мақсаттар үшін кеменің жарамдылығын қамтамасыз етуге, кемені экипажбен жасақтауды және тиісті жарақтандыруды, сондай-ақ кемені техникалық қауіпсіз пайдалануды, оның экипажын ұстауды және жалдау мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасы ішкі су көлігі саласындағы заңдарда көзделген кеме құжаттарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажының мүшелері кемені жалға берушінің еңбек қатынастарын сақтайды. Олар оның кемені басқару мен техникалық пайдалануға қатысты өкімдеріне бағынады.

Егер жалдау шартында өзгеше көзделмесе экипаж мүшелеріне қызмет көрсету төлемі жөніндегі шығыстар, сондай-ақ оларды ұстау жөніндегі шығыстар жалға берушіге жүктеледі.

3. Жалға берушіге жалға өткізілген кеменің кемшіліктері үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

4. Жалға беруші кемені иесі болып табылмаған жағдайда, ол аталған кемеге қатысты жалдау және телжалдау шарттарындағы жасалғандардың барлығы туралы кеме иесіне хабарлауға міндетті.

51-бап. Кемені экипажымен жалдау кезіндегі жалға алушының құқығы мен міндеттері

1. Жалға алушының, егер ол кеменің мақсатына және сыныбына сондай-ақ жалдау шартында көзделген мақсаттарға қайшы келмесе, жалға берушінің келісімінсіз өз атынан тасымалдау немесе жетекке алу шарттарын жасасуға құқылы.

2. Кеме экипажының мүшелері жалға алушының кемені коммерциялық пайдалану бөлігіндегі өкімдеріне бағынады, жалға алушы кемені коммерциялық пайдалануға барлық шығыстарды, соның ішінде материалдарды пайдалану процесінде жұмсалған отын және басқа да шығыстарға төлемді және алымдарға төлемді жүзеге асыруға міндетті.

3. Жалға алушының кемені коммерциялық пайдалануға басшылықты жүзеге асыру үшін оған, кемені коммерциялық пайдалану бөлігіне өкімі кеме капитаны үшін міндетті болып табылатын, өз өкімін тағайындауға құқылы.

52-бап. Экипажсыз кемеңі жалдау кезіндегі жалға беруші мен жалға алушының құқығы мен міндеттері

Кемеңі экипажсыз жалдау кезінде арендаға берушінің құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленеді.

53-бап. Кемеңі жалдағаны үшін есеп айырысу

1. Жалға алушы жалға берушіге жалдау шартында көзделген тәртіп пен мезгілде жалдау ақысын төлейді.

2. Жалға алушы кеме жалға берушінің кінәсінен жарамсыз болған уақыт ішіндегі кемеге қатысты жалдау ақысы мен шығыстарын төлеуден босатылады. Кеме жалға алушының кінәсінен пайдалануға жарамсыз болған жағдайда, жалдау ақысы толық көлемде төлеуге жатады.

3. Кеме күйреген жағдайда жалдау ақысын, оның күйреу күнін, ал егер бұл күнді белгілеу мүмкін болмаса, ол туралы соңғы хабарды алған күнді қоса алған уақыт үшін, жалға алушы төлеуге тиіс.

4. Кемеңі жалға берушіге уақтылы қайтармаған кезде жалға алушы кемеңі ұстағаны үшін, жалдау шартында көзделген жалдау ақысы ставкасынан, немесе жалдау шартында көзделген жалдау ақысы ставкасынан асып кетсе жалдау ақысының нарықтық ставкасынан шыға отырып, жалдау ақысын төлейді.

5. Жалдау ақысын төлеу 15 тәуліктен аса кешіккен жағдайда, жалға беруші кемеңі жалға алушыдан ескертусіз алып қойып, одан осыған байланысты келтірілген шығындарды өндіріп алуға құқылы.

6. Жалға алушы кемеге зиян келтірмей жүргізген жақсартуларды, егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға алушы өз қалауы бойынша алып қоя алады.

11-тарау. Жүктерді тасымалдау

54-бап. Жалпы ережелер

1. Ішкі су көліктерінде жүктерді тасымалдау жүк тасымалдау шарты, осы Заң және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүктерді ішкі су көліктерінде тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі - жүктерді тасымалдау ережесі) уәкілетті орган белгілейді. Жүктерді тасымалдау ережесі мынадай шарттар мен тәртіпті белгілейді:

- 1) жүктерді тасымалдау үшін көрсету және қабылдау;
- 2) жүк құжатын және тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- 3) жүктерді тиеу және түсіру;
- 4) жүктерді үйіп және ақтара тиеп тасымалдау;
- 5) тез бүлінетін жүктерді тасымалдау;
- 6) жүк салмағын анықтау;
- 7) кемелер мен контейнерлерге қойылатын талаптар;

- 8) кемелер мен контейнерлерді пломбалау;
- 9) кемеде жүктерді орналастыру және бекіту;
- 10) кемелер мен контейнерлерді жүк тиеу мен түсіруге беру;
- 11) тасымалдаулар бойынша есептер;
- 12) жеткізу мерзімін және жүкті жеткізу мерзімін есептеу;
- 13) өкімдер, жүктерді басқа мекен-жайға жіберу және қайтару;
- 14) жүктерді сақтау, ұстап қалу және беру;
- 15) жүктерді іске асыру;
- 16) қауіпті жүктерді тасымалдау;
- 17) жүктерді басқа мекен-жайға жіберу;
- 18) кемеңі тазалау.

55-бап. Жүк тасымалдау шарты

1. Жүк тасымалдау шарты көліктік жүк құжатын және оның негізінде ресімделген жол тізімдемесін және тасымалдау үшін жүкті қабылдау туралы түбіртекте жасау ж о л ы м е н р е с і м д е л е д і .

2. Жол құжаттарының нысаны мен толтыру тәртібі жүк тасымалдау ережесімен белгіленеді ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдауға байланысты заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

56-бап. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт

Тасымалдаушы, жүк жөнелтуші жүкті жүйелі тасымалдауды жүзеге асыру қажет болған кезде жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ шарттар жасасуы м ү м к і н .

Жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартқа сәйкес тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші оны уағдаласқан көлемде тасымалдау үшін ұсынуды міндеттенеді. Шартпен көлік құралдарының көлемі, мерзімі және басқа да жеткізу шарттары әрі тасымалдау үшін жүктерді ұсыну, есеп айырысу тәртібі, сондай-ақ жүкті тасымалдауды ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген өзге де шарттары белгіленеді.

57-бап. Жүкті жеткізу мүмкіндігі жоқтығының салдарлары

1. Тасымалдау үшін қабылданған жүкті келу портына жеткізу немесе көлік жүкқұжатында көрсетілген тұлғаға оны еңсерілмейтін күш, әскери іс-қимылдар, билік орындарының тыйым салуы, апат сипатындағы құбылыстар, төтенше жағдайлар немесе тасымалдаушыға қатыссыз басқа себептер салдарынан берілмеген кезде тасымалдаушы бұл туралы жүк жөнелтушіні, жүк алушыны және жөнелту әрі келу порттарында тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асырушы ұйымдарға жүкті жеткізуге кедергі келтіру себептерді көрсете отырып, хабардар етеді және жүкті не істеу керегі туралы жүк жөнелтушінің, жүк алушының өкімін сұратады.

Егер тасымалдаушы төрт тәулік ішінде жүктерді не істеу керегі туралы жүк жөнелтушінің, жүк алушының өкімін алмаса, және әдейі орындалуы мүмкін емес өкім

алса, оның, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айналымнан алынып қойылған және айналымдағы шектеулі жүктерді, сондай-ақ арнаулы, соның ішінде мемлекеттік әрі қорғаныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған әскери жүктерді қоспағанда, жүктерді сатуға құқығы бар.

2. Жүк тасымалдау үшін жүкті тасымалдау үшін міндетті қабылдауды тоқтату мерзімі басталғанға дейін қабылданса, және осы баптың 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, кеме рейсті жалғастыруға ұзақ кедергі келуіне байланысты жолда кідірсе, тасымалдаушы жүк жөнелтушінің, жүк алушының келісімі бойынша жүкті портқа немесе басқа келу пунктіне көліктің басқа түрімен жіберу немесе оны осы Заңның 58-бабында көзделген тәртіппен сату жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Жүрілмеген қашықтық үшін тасымалдау ақысы жүк тасымалдауды төлеуші жүк жөнелтушіге немесе жүк алушыға қайтарылады. Жүкті портта түсіру мен сақтау тасымалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

3. Жүк тасымалдау үшін, жүкті тасымалдау үшін міндетті қабылдауды тоқтату мерзімі басталғанға дейін қабылданса, және осы баптың 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейсті жалғастыруға ұзақ кедергі келуіне байланысты жолда кідірсе, және төрт сәтке ішінде жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан жүкті не істеу керегі туралы өкім түспесе, тасымалдаушының өз қалауы бойынша жүк жөнелтушінің, жүк алушының есебінен оны рейсті жалғастыру мүмкіндігі туындағанға дейін, соның ішінде халықаралық навигациялық кезеңге кемеде қалдыруға, немесе жүкті осы Заңның 58-бабында көзделген тәртіппен сатуға құқығы бар.

58-бап. Жүктерді сату тәртібі

1. Осы Заңда көзделген жағдайларда жүктерді сату, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айналымнан алып қойылған және шектеулі айналымдағы жүктерді, сондай-ақ арнаулы, соның ішінде мемлекеттік және қорғаныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған жүктерді қоспағанда, жүктердің бағасын төлеу туралы құжаттармен, немесе мұндай құжаттар болмаған кезде, тиісті шартпен, немесе, салыстырмалы жағдайларда әдетте осыған ұқсас тауарлардан алынатын бағадан шыға отырып, шартпен бекітілген жүктердің бағасынан шыға отырып, сатып алу-сату шартына сәйкес жүзеге асырылады.

Сатылатын жүктерді есепке алу және олар үшін есеп айырысу тәртібін өкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

2. Жүктерді сатудан түскен сома, тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен оларды сатуға жұмсалған шығындар шегеріле отырып, жүк алушы жүктердің бағасын төлеген жағдайда - соған немесе қалған жағдайларда жүк жөнелтушіге аударуға жатады.

Жүктерді сатудан түскен сома тасымалдауға тиесілі төлемдерді және жүктерді сақтау мен сатуға жұмсалған шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз жағдайда, тасымалдаушы жүкті жөнелтушіден ала алмаған қалған соманы өндіріп алуға құқылы.

3. Тасымалдаушы, егер жүктер тез бұзылатын болып табылса, немесе жүктерді

сақтауға жұмсалған шығыстар көрсетілген мерзімде жүктердің бағасынан асып кетсе, жүктерді осы Заңда көрсетілген мерзімдерден бұрын сатуға құқылы.

59-бап. Көлік экспедициясының шарты

1. Көлік экспедициясының шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін және екінші тараптың (клиенттің, жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының) есебінен жүк тасымалдауға байланысты шартта айқындалған қызмет көрсетулерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, соның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалдау шартын жасасуға міндеттенеді.

2. Көлік экспедициясының шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалынады.

12-тарау. Жолаушыларды, олардың багажын және почта жөнелтілімдерін су көлігімен тасымалдау

60-бап. Жалпы ережелер

1. Жолаушыларды және олардың багажын тасымалдау жолаушыларды шартының негізінде жүзеге асырылады.

2. Жолаушыны тасымалдау шарт бойынша тасымалдаушы оған жол жүру құжатына (билетке) сәйкес кемеден орын беріп, оны бару портына тасымалдауға міндеттенеді, ал жолаушы жол жүргені үшін белгіленген ақыны төлеуге міндетті.

3. Багажды тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы багажды беру портына тасымалдауға және оны осы теңдеме жүкті алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндеттенеді, ал жолаушы тасымалдағаны үшін белгіленген ақыны төлеуге міндетті.

4. Ішкі су жолдарында жолаушыларды және олардың багажын тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі - жолаушыларды тасымалдау тәртібі) уәкілетті орган белгілейді.

61-бап. Жүктерді тасымалдау үшін бағыттардың түрлері

1. Жүктерді тасымалдау бағыттары тасымалдау жағдайларына, олардың ұзақтығына жолаушылар тасымалдау бағыттарының қашықтығына және жолаушыларға ұсынылатын қызмет көрсетулердің сапасына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) көліктік - транзиттік, жергілікті, қала маңайына, қала ішіне қатынайтын жолаушыларды тасымалдау және алып өту бағыттары;
- 2) туристік - жолаушыларды ұзақтығы 24 сағаттан артық тасымалдау бағыты;
- 3) экскурсиялық-саяхаттық - жолаушыларды ұзақтығы кемінде 24 сағат болатын тасымалдау бағыты.

Осы бапта көзделген жолшыларды тасымалдау бағыттарының түрлерін айқындау шарты жолаушыларды тасымалдау ережесімен белгіленеді.

2. Жолаушыны тасымалдау шарты жол жүру құжатымен (билетпен), ал теңдеме жүкті тасымалдау шарты теңдеме жүктің түбіртегімен ресімделеді.

3. Экскурсиялық-саяхаттық және туристік маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдау шарты жолдама немесе жолаушылар тобын тасымалдау билеті нысанында ресімделеді.

4. Көлік маршруттары бойынша жолаушыларды тасымалдау талаптары, жол жүру құжаттары мен теңдеме жүк түбіртектерінің нысаны, оларды сату мен ресімдеу тәртібі, сондай-ақ олардың қолданыс мерзімдері жолаушыларды тасымалдау ережесімен белгіленеді.

62-бап. Тасымалдаушының құқығы мен міндеттері

1. Тасымалдаушы жолаушыға билетте немесе жолдамада көрсетілген кемедегі орынды беруге міндетті.

Билет немесе жолдама белгілі бір тұлғаның атына берілген жағдайда, оны басқа тұлғаға беруге болмайды.

2. Жолаушыларға қызмет көрсету орындарында соның ішінде билет сатылатын пункттерде жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы көрнекі және қолжетімді нысанда уақтылы әрі шынайы ақпарат ұсынылуға тиіс.

3. Тасымалдаушы билет сатуды, соның ішінде алдын ала сатуды ұйымдастыруға, сондай-ақ Жолаушыларды тасымалдау ережесіне сәйкес анықтама қызметінің, жүк сақтау қоймасының, демалыс бөлмесінің және басқа қызметтердің қызмет көрсетуін ұсынуға тиіс.

4. Жолаушылар үй-жайы бар дебаркардерлері (жүзбелі айлақтары) жоқ елді мекендерде - павильондар, ал қала маңындағы желілер мен өткелдерде қолайсыз ауа-райынан қорғанатын орындықтары бар шатырлы ықтар болуға тиіс. Бұл ретте жолаушыларды отырғызу және түсіру орындары, олардың қауіпсіздігі мақсатында, қажетті құрылғылармен жабдықталуға тиіс, құрылғыларды олардың иелері жабдықтауға тиіс.

5. Жолаушылар мемлекеттік стандарттармен және жолаушыларды тасымалдау жөніндегі нормативтермен белгіленген тасымалдау жағдайларымен қамтамасыз етіледі.

6. Жолаушыларға жеңілдік пен қызмет көрсетуді ұсынудың тізбесі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

7. Тасымалдаушы кеме қауіпсіз жүзуін қамтамасыз етуге, оны экипажбен жасақтауға және оны тасымалдаудың барлық уақытында тиісінше күтіп ұстау үшін барлық қажеттіліктермен жарақтандыруға міндетті.

8. Вокзал маңайы мен айлақ маңайындағы аумақтарды абаттандыру оларды иеленушілердің есебінен жүзеге асырылады.

63-бап. Жолаушының құқығы мен міндеттері

1. Жолаушының :

1) кемелер қозғалысының кестесінде көрсетілген немесе кеме қатынасы маршруты бойынша жарияланған кез келген портқа (пунктке дейін) жол жүру үшін кез келген

санаттағы жолаушы орнына билет алуға;

2) өзімен бірге бөлек орынды алу құқығынсыз - жеті жасқа дейінгі, ал халықаралық қатынастарда бес жасқа дейінгі бір баланы ақысыз алып жүруге;

Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде жеті жастан бастап он бес жастағы балаларға билеттің толық құнының елу пайызын төлеп, билет алуға;

3) халықаралық қатынастарда бес жастан он екі жасқа дейінгі балаларға билеттің толық құнының елу пайызын төлеп, билет алуға;

4) өзімен (алып жүруге жеңіл, басқа жолаушыларға таршылық етпейтін ұзындығы кемінде 1,8 метр немесе ұзына бойының жиынтық ұзындығы кемінде 2,6 метр заттарды) - жалпы салмағы кемінде 36 килограмм, ал жүрдек кемелерде кемінде 20 килограмм болатын қолжүгін ақысыз алып жүруге. Қолжүгін сақтау жауапкершілігі жолаушыға жүктеледі;

5) багажды тасымалдау тарифіне сәйкес ақылы тасымалдау үшін теңдеме жүкті өткізуге;

6) кемемен қашықтығы 500 шақырым және одан да көп жол жүру кезінде жүру жолында кемінде 10 тәулік аялдама, мұндай аялдаманы тиісінше ресімдей отырып, жасауға;

7) емдеу мекемесінің құжатымен куәландырылған ауру жағдайында билетті қолдан жұмыс мерзімін ауру уақытында ұзартуға немесе билетті тапсырып, тасымалдау ақысын алуға;

8) кеме шыққанға дейін кез келген уақытта, ал рейс басталғаннан кейін кеме аялдаған кез келген портқа тасымалдау шартынан бас тартуға, жолаушыларды тасымалдау ережесінде белгіленген тәртіппен билетті өткізіп, кеме жолының жүрілмеген бөлігі үшін тасымалдау ақысын алуға;

9) кемең шығуы кешіккен жағдайда тасымалдау шартынан бас тартып, тасымалдау ақысын алуға құқылы.

2. Жолаушы :

1) сапарда жол жүру құжатын (билет) сатып алған кезде, жүру кезінде және жол құжатын тексеру кезінде тұлғаны куәландыратын құжат ұсынуға;

2) кемеге отырғызу кезінде және жүру аяқталғанға дейін сапарда жол жүру құжаты болуы;

3) қоғамдық тәртіпті, кемелерді және жағалауда орналасқан әрі жолаушыларды тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған объектілерді пайдалану ережесін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

64-бап. Жолаушылар тасымалдау шартын тасымалдаушының бастамасы бойынша тоқтату немесе өзгерту

1. Тасымалдаушы :

1) жолаушыны бару портына дүлей күштің, әскери іс-қимылды қоғамдық

тәртіптердің, билік орындарының тыйым салуының, табиғи апат сипатындағы құбылыстардың, төтенше жағдайлардың немесе өзге де тасымалдауға қатыссыз себептердің салдарынан тасымалдау мүмкін болмаған;

2) тиісті атқарушы билік органдарының шешімі негізінде кемеңі ұстап қалған немесе кеме мемлекеттік қажеттіліктерге тартылған;

3) кеме үшін жөнелту портының немесе бару портының қолжетімсіздігі (порт құрсауы, кеме апаты, кеме жүрісі үшін су деңгейінің жетімсіздігі және басқа);

4) кеме күйреген немесе оны күштеп басып алған;

5) жолаушыларды тасымалдау ережесін жолаушы бұзған немесе мұндай ережені сақтаудан жолаушы бас тартқан жағдайда біржақты тәртіппен жолаушыларды тасымалдау шартын бұза алады.

2. Тасымалдаушының бастамасы бойынша кеме шыққанға дейін тасымалдау шарты тоқтатылған кезде - жолаушыға жол жүргені және теңдеме жүкті алып жүргені үшін төлем, ал аталған шарт рейс аяқталғанға дейін тоқтатылған кезде кеме жүріп өтпеген қашықтық үшін жол жүру және теңдеме жүкті алып жүру үшін төлем қайтарылады.

Аталған шарт жолаушы жолаушылар тасымалдау ережесін бұзған немесе ол кеме қатынасының, басқа жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекеттер жасаған кезде тоқтатылған жағдайда, жол жүргені және теңдеме жүкті алып жүргені үшін жол ақы жолаушыға қайтарылмайды.

3. Жолаушы тасымалдау шарты тасымалдаушының бастамасы бойынша, осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кеме рейсі уақытында тоқтатылған кезде, тасымалдаушы, жолаушының бару портына келу мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тасымалдаушының кінәсінен жолаушыға келтірілген шығындарды өтеу мақсатында, жолаушыны оның талабы бойынша жөнелту портына немесе жақын маңайдағы елді мекенге өз есебінен жеткізуге міндетті.

65-бап. Талап етілмеген багаж

1. Кеме портқа келген күннен бастап үш ай ішінде талап етілмеген багаж сатылуы мүмкін.

2. Багаждың түбіртегін көрсетушінің қуыным мерзімі ішінде осы баптың 1-тармағына сәйкес сатудан түскен сомадан талап етілмеген теңдеме жүкті сақтау мен оны сату кезінде тасымалдаушы келтірген шығындарды шегере отырып, алуға құқығы бар.

66-бап. Почта жөнелтілімдерін тасымалдау

1. Почта байланысы ұйымдарына тұрақты рейстер жасайтын кемелерде белгіленген ақымен әрі өз қызметкерлерінің ілесіп жүруімен почта жөнелтілімдерін тасымалдауға құқық беріледі.

Почта байланысы ұйымдары қызметкерлерінің ілесіп жүруімен почта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асырушы кемелерде почта операцияларын жүргізу, почта жөнелтілімдерін сақтау және почта байланысы ұйымдары

қызметкерлерінің демалысы үшін белгіленген тәртіппен ақылы үй-жайлар ұсынылады.

2. Почта жөнелтілімдерін су көлігімен тасымалдау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Тасымалдаушының кінәсінен почта жөнелтілімдерінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының почта байланысы ұйымдарының алдындағы жауапкершілік почта байланысы ұйымдарының жөнелтуші немесе адресат алдындағы жауапкершілігі мөлшерінен аспауға тиіс.

13-тарау. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзбелі объектілерді жетекке алу

67-бап. Жетекке алу шарты

1. Жетекке алу шартына сәйкес бір тарап (жетекке алушы) кемені, салды немесе өзге де жүзбелі объектілерді жетекке алу талаптарын сақтай отырып, бару пунктіне уақтылы және сол күйінде жетекке алып жеткізіп, оны көлік жүкқұжатында көрсетілген тұлғаға өткізуге, ал екінші жақ (жөнелтуші) жетекке алу үшін жетекке алынатын объектіні беріп, ол үшін төлем жасауға міндеттенеді.

2. Жетекке алынатын объектілерді жетекке алу (бұдан әрі - жетекке алу) уәкілетті орган белгілеген кемелерді және салдар мен өзге де жүзбелі объектілерді жетекке алу шартына және жетекке алу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Кемелерді және салдар мен өзге де жүзбелі объектілерді жетекке алу ережесі мынадай тәртіппен шарттарды белгілейді:

- 1) жүк құжатын, тасымалдау және өзге де құжаттарды ресімдеу;
- 2) жетекке алуды ұйымдастыру;
- 3) жетекке алу бойынша қызметтер көрсетуге төлем жасау;
- 4) жетекке алынатын объектіні жетекке алу үшін көрсету;
- 5) экипаж бен жеткізушілердің құрамына қойылатын талаптар;
- 6) жетекке алынатын объектіні жөнелту, қабылдау және тапсыру.

14-тарау. Ортақ апат кемелерді және басқа мүліктерді құтқару

68-бап. Кемелерді және басқа мүліктерді құтқару кезінде туындаған қатынастарды реттеу

Кемелерді және басқа мүліктерді құтқару кезінде туындаған қатынастарды реттеу сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңдарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15-тарау. Актілер, талап етулер, қуынымдар мен қуыным мерзімі

69-бап. Актілер

1. Жүк тасымалдаушының, жетекке алушының, жіберушінің, алушының жетекке алынатын объектілерді жіберушілер мен оларды алушылардың, сондай-ақ шығындар, жолаушының заттық жауаптылығы үшін негіз болып табылатын мән-жай коммерциялық актілер немесе жалпы нысандағы актілер арқылы куәландырылады.

Коммерциялық акті мен жалпы нысандағы актінің нысандары, сондай-ақ оларды толтыру ережелері жүктерді тасу ережелерінен және жолаушылар мен теңдеме жүктерді тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушы жүкті, теңдеме жүкті немесе жетекке алынған объектіні бергенде мынадай жағдайларды :

1) жүктің, теңдеме жүктің немесе жетекке алынған объектінің нақты атауының, жүктің немесе теңдеме жүк салмағының, жүк орындары немесе теңдеме жүк орындары санының тасымалдау құжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкес еместігін;

2) жүктің, теңдеме жүктің немесе жетекке алынған объектінің жоғалуы, жетіспеуі және бүлінуді (бұзылуын) ;

3) тасымалдау құжаттары жоқ жүкті, теңдеме жүкті немесе жетекке алынған объектіні, сондай-ақ жүксіз, теңдеме жүксіз немесе жетекке алынған объектісіз тасымалдау құжаттарының анықталғанын;

4) зақымданған салдағы ағаш пен такелаждың жетіспейтінін;

5) ұрланған жүктің, теңдеме жүктің немесе жетекке алынған объектінің қайтарылғанын куәландыру үшін коммерциялық акті жасауға міндетті.

Тасымалдаушы тасымалдау құжаттарында коммерциялық акт жасалғаны туралы белгі қоюға тиіс .

Коммерциялық акт жасаудан бас тарту немесе оны белгіленген талаптарды бұза отырып рәсімдеу Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен шағымдануы мүмкін .

3. Тасымалданатын сұйық жүктердің жетіспеуі немесе бұзылуы жүк тасымалдау ережелерімен белгіленген тәртіпте тасымалдау құжаттарымен куәландырылады.

4. Коммерциялық акт :

1) тасымал үшін қабылданған жалпы жүзу кезеңі есептік жағдайына орай жүк салмағының табиғи кему нормасы, тасымалдау кезінде ылғалдық немесе қоқыс процентінің төмендеу нормасы, таразылау құралдары көрсеткіштердегі ауытқу, жүк салмағындағы айырма нормалары шегінде жетіспегенде;

2) жеткізілуі техникалық ақаусыз кемеде немесе жабу-сүргілеу тетіктері бүлінбеген контейнерлерде не жүкті жіберуші немесе жүкті алушының өкілі қатысса жүзеге асырылған жүктерді беру кезінде жасалмайды.

5. Жалпы нысандағы акт осы баптың 2-тармағында қарастырылмаған мән-жайларды куәландырған жағдайда жасалады.

6. Актіні жасауға қатысушы тараптар, оған қол қоюдан бас тартуға хақылы. Тараптар акт мазмұнымен келіспесе, онда өз пікірлерін баяндауға хақылы.

7. Жалған ақпараты бар актіні жасаған немесе оған қол қойған тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

70-бап. Талап етулерді ұсыну шарттары мен тәртібі

1. Тасымалдау (жетекке алу) шартынан туындайтын талап етулер жүк тасымалдаушыға қуыным мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылуы мүмкін.

2. Жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті тасымалдауға немесе жетекке алынатын объектіні сүйреуге байланысты туындайтын талап етулер тасымалдаушыларға немесе жетекке алушыларға олардың орналасқан жерлері бойынша ұсынылады.

3. Жүктің жоғалуы, жетіспеуі және бүлінуі (бұзылуы) туралы талап етулерге тасымалдау құжаттарынан басқа талап етулерді ұсынуға құқық беретін құжаттар және жөнелтілген жүктің саны мен құнын куәландыратын құжаттар тіркелуге тиіс. Тасымалдау құжаттар түпнұсқада ұсынылады.

71-бап. Талап етулер мен қуынымдарды ұсыну құқығы

1. Тасымалдаушыға немесе жетекке алушыға:

1) жүктің немесе жетекке алынған объектінің келмегені туралы тасымалдаушының немесе жетекке алушының жүкті тасымалдау үшін немесе жетекке алынатын объектіні сүйреуге қабылдағаны туралы белгісі бар түбіртекті ұсынса - жүкті жөнелтуші мен алушының немесе жетекке алынатын объектіні жөнелтуші мен алушының - жүк немесе жетекке алынатын объект жоғалған жағдайда;

2) олар көліктік тауар құжаттамасын, сұйық жүк тасымалдағанда коммерциялық актіні немесе тасымал құжатын, ал коммерциялық акт болмағанда - коммерциялық актіні жасаудан бас тартуға шағым берілгені туралы құжатты ұсынса - жүкті алушының немесе жетекке алынған объектіні қабылдаушының - жүк жетіспеген немесе бүлінген (бұзылған) не жетекке алынған объект бүлінген жағдайда;

3) көліктік тауар құжаттамасын ұсынса, жүкті жөнелтуші, жүкті алушы немесе жетекке алынатын объектіні жөнелтуші, алушы, тасымал ақысын және басқа да өтемдерді белгіленген мөлшерден артық төлеген жағдайда;

4) теңдеме жүк түбіртегін көрсеткенде жолаушы - теңдеме жүк жоғалған жағдайда;

5) тасымалдаушы берген теңдеме жүктің жетіспейтіндігі немесе бүлінгені (бұзылғаны) туралы коммерциялық актіні ұсынушы - теңдеме жүк жетіспеген немесе бүлінген (бұзылған) жағдайда;

6) билетін көрсеткен кезде жолаушы - жолаушы кемесінің шығуы ұсталған немесе келуі кешіккен жағдайда;

7) көліктік тауар құжаттамасын ұсынған кезде жүкті алушы немесе жетекке алынған объектіні алушы - жүктің немесе жетекке алынатын объектінің жеткізілуі

мерзімі сақталмаған жағдайда құқық пайда болады.

2. Осы бапта қарастырылған талап етулер мен қуынымдарды ұсыну құқығы тапсыру шартын немесе сенімхатты дұрыс рәсімдеген жағдайда жүк жөнелтушіге, жүк алушыға және өзге заңды және жеке тұлғаларға берілуі мүмкін.

72-бап. Талап-тілектерді қарау мерзімі

1. Талап-тілектер ол алынған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

2. Бір құжатпен тікелей аралас қатынас арқылы жүзеге асырылатын тасымал бойынша талап-тілектер - үш ай мерзімде қаралады.

Осы бапта көзделген мерзімде талап-тілектер өзгертілмесе немесе мерзімінде жауап берілмесе, шағынушының қуынуға құқық пайда болады.

73-бап. Қуыным мерзімінің уақыты

1. Тасымалдаушыға (жетекке алушыға) ішкі су жолдары арқылы жүк тасымалдау шартынан туындайтын қуыным тасымалдаушының талап етулерді орындаудан толық немесе ішінара бас тартқанда не ұсынылған талап етулерге тасымалдаушыдан жауап ала алмаған жағдайда жасалуы мүмкін.

2. Қуыным мерзімі уақытының өтуі талап етуді ұсынуға негіз болған оқиғаның туындаған күнінен басталады.

3. Қуыным мерзімінің уақыты:

1) жүктерді тасымалдау (жетекке алу) шарты бойынша - бір жыл;

2) жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша - алты ай болып белгіленеді.

4. Кемелердің қақтығысуына және құтқару операцияларын жүзеге асыруға байланысты туындаған талаптар бойынша қуыным екі жыл ішінде ұсынылуы мүмкін.

16-тарау. Тасымалдаудан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік

74-бап. Тасымалдау бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаудан шығатын міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда тараптарға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, тасымалдау шарттарында, сондай-ақ олардың негізінде жасасатын шарттарда белгіленген негіз бен мөлшер бойынша жауапкершілік жүктеледі.

2. Тараптардың осы Заңмен белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою мақсаты бар келісімінің күші жүрмейді.

Тараптар өзара келісім бойынша осы Заңда белгіленген жауапкершілік мөлшерін ұлғайта, сондай-ақ тасымалдау шарты бойынша қосымша жауапкершілікті қарастыра алады.

3. Тасымалдаушылардың тасымалдау жөніндегі, соның ішінде тікелей аралас және халықаралық жол қатынасында, міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өзара жауапкершілік осы Заңмен жүктерді тасымалдаушылар арасындағы келісімдермен айқындалады.

4. Тасымалдауды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда олар жүк жөнелтуі, жүк алушы алдында жүктің, теңдеме жүктің жоғалғаны, зақымданғаны (бүлінгені), жетіспеушілігі, жеткізудің уақытын өткізіп алғандығы үшін бірдей жауапкершілікте болады.

5. Тасымалдаушы өзге тасымалдаушыға, жүк жөнелтушіге, жүк алушыға, экспедиторға, егер оларға олардың кінәсінен болған жауапкершілік жүктелсе, кері талап қоюға құқылы.

75-бап. Тұрақсыздық айыбы

1. Тасымалдау жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тарап Азаматтық кодексте, осы Заңда немесе шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

2. Тасымалдаушыға тиесілі төлемдерді төлеу уақытын өткізіп алғаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген өзгенің ақшалай қаржысын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндіріп алынады.

76-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушыға тасымалдау кезінде жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін, егер жолаушыны тасымалдау шартында тасымалдаушыға неғұрлым жоғары мөлшерде жауапкершілік көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

2. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін, тасымалдаушының жауапкершілігі жолаушы кемеде болған кезеңде және кемеге отырғызу (түсіру) кезінде кеме аумағында басталады.

77-бап. Жүктерді тасымалдауға немесе жүзбелі объектілерді жетекке алуға берілген өтінімдерді орындамағаны үшін жауапкершілік

Тасымалдаушы, жетекке алушы жүкті тасымалдауға көлік құралдарын немесе жетекке алуға жетекке алынатын объектіні қабылданған өтінімге немесе шартқа сәйкес бермегендігі үшін жүк жөнелтушіге немесе жетекке алынатын объектінің жөнелтушіге жүкті немесе жетекке алынатын объектіні бермегені, сондай-ақ берілген көлік құралдарын өзге себептермен пайдаланбағаны үшін, айлық есептік көрсеткіш көлемінен пайызбен шегерілген айыппұл түрінде мынадай мөлшерлерде жауапкершілік жүктеледі:

1) кемеде жүк тасымалдау және жүзбелі объектіні жетекке алу кезінде - жүктің

немесе жетекке алынған объектінің әрбір тоннасы үшін айлық есептік көрсеткіш шамасының 0,3 мөлшері;

2) жүктерді контейнерлерде тасымалдау кезінде:

брутто көлемі қоса есептегенде 5 тоннаға дейін әрбір контейнер үшін айлық есептік көрсеткіш шамасының 1,5 мөлшері;

брутто көлемі 5 тоннадан қоса есептегенде 10 тоннаға дейін әрбір контейнер үшін айлық есептік көрсеткіш шамасының 3,5 мөлшері;

брутто көлемі 10 тоннадан жоғары әрбір контейнер үшін айлық есептік көрсеткіш шамасының 7 мөлшері;

78-бап. Жүкті немесе жетекке алынған объектіні жеткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік

Жүкті немесе жетекке алынған объектіні жеткізу мерзімін сақтамағаны үшін тасымалдаушы немесе жетекке алушы жүк алушының немесе жетекке алынған объектіні алушының талабы бойынша әрбір мерзімі өткен тәулік үшін тасымалдау төлемінің 9 пайызы, бірақ, егер олар мерзімді өткізіп алу өздерінің кінәсінен емес екенін дәлелдесе, тасымалдау төлемінің 50 пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

79-бап. Жолаушыны, қолжүгін жеткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Жолаушылар кемесін жөнелтуді ұстап қалғаны немесе оның кешігіп келгені үшін қала маңы, қала іші маршруттары бойынша тасымалдауды, сондай-ақ жолаушыларды өткелдерден тасымалдауды қоспағанда, тасымалдаушы жолаушыға ұстап қалынған немесе кешіктірілген әрбір сағат үшін, егер тасымалдаушы мұндай ұстап қалу немесе кешігіп келу өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, тасымалдау төлемінің үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндіріліп алынған айыппұл сомасы тасымалдау төлемінің мөлшерінен аспауы тиіс.

Көрсетілген айыппұлдарды төлеу жолаушыларды тасымалдау ережесіне сәйкес жолаушының өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Теңдеме жүкті мерзімін өткізіп алған әрбір тәулік үшін тасымалдаушы жолаушыға, алушыға тасымалдау төлемінің 5 пайызы мөлшерінде, бірақ, егер мерзімін өткізіп алу өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, оның тасымалдау көлемінен аспайтын мөлшерде, айыппұл төлейді.

80-бап. Жүктің, теңдеме жүктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушыға жүктің, теңдеме жүктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін оны тасымалдауға қабылдаған сәттен бастап оларды жүк алушыға немесе теңдеме жүкті алуға уәкілетті тұлғаға берген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

2. Тасымалдауға құндылығы жариялаусыз қабылдаған жүктің теңдеме жүктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдауға мынадай мөлшерлерде жауапкершілік жүктеледі:

1) жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған не жетіспеген жүк, теңдеме жүк қ ұ н ы н ы ң м ө л ш е р і н д е ;

2) жүк, теңдеме жүк зақымданғанда (бүлінгенде) - жүк, қолжүгі құнының қанша сомаға төмендегені мөлшерінде.

3. Тасымалдауға құндылығы жариялаусыз қабылдаған жүктің, теңдеме жүгінің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушыға жарияланған құндылық мөлшерлерде жауапкершілік жүктеледі.

4. Егер жүк, теңдеме жүк келу портына жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін отыз тәулік ішінде келмесе, жоғалған деп есептеліп, мұндай жүктің, құндылығы осы баптың 2-тармағында көзделген мөлшерде өтеп алуға жатады.

Жүк, теңдеме жүк көрсетілген мерзім ішінде келген жағдайда жүк алушы немесе теңдеме жүкті алушы оны бұрын жүкті немесе теңдеме жүкті жоғалтқаны үшін алған соманы тасымалдаушыға қайтара отырып, ала алады.

5. Жүктің немесе теңдеме жүктің құны оның сатушы есебінде көрсетілген немесе шартта көзделген бағасынан шыға отырып, ал есебі болмаған немесе шартта бағасы көрсетілмеген кезде - салыстырмалы жағдайларда әдетте осыған ұқсас тауарлар үшін өндіріп алынатын бағадан шыға отырып айқындалады.

6. Тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүктің жоғалуынан, жетіспеушілігінен, зақымдануынан (бүлінуінен) келген залалмен қатар клиентке, егер тасымалдау ақысы жүктің немесе теңдеме жүктің құнына кірмесе, мұндай жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдағаны үшін алған тасымалдау ақысын қайтарады.

81-бап. Жетекке алынған объектінің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін жетекке алушының жауапкершілігі

1. Жетекке алушыға жетекке алынған объектінің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін жетекке алынатын объектіні қабылдаған сәттен бастап, оны алушыға берген сәтке дейін, егер жоғалту зақымдау (бүліну) өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жауапкершілік жүктеледі.

2. Жетекке алынған объекті жоғалған жағдайда жетекке алушыдан жоғалған жетекке алынған объектінің құны мөлшерінде залал және оны жетекке алғаны үшін төлем, егер бұл төлем жоғалған жетекке алынған объектінің құнына кірмесе, өндіріп алынады.

3. Жетекке алынған объекті, салды қоспағанда, зақымданған (бүлінген) кезде жетекке алушыдан жетекке алынған объектіні жөнелтуші немесе алушы белгілеген, жетекке алынған объектіні жөндеу құны өндіріп алынады. Келіспеушілік туындаған кезде жетекке алынған объектіні жөндеу құнын тәуелсіз сараптамашы белгілей алады.

4. Жетекке алушының кінәсінен сал зақымданған кезде ол: салды жөнелтушіге (алушыға) - жоғалған такелаждың құнын; ұйымдарға - тараптардың келісімімен немесе заңдармен айқындалған өзге органның шешімімен ағаш жиынтығының, бірақ, мұндай ағаш жиынтықталған орнынан осыған ұқсас тауар үшін әдетте өндіріп алынатын бағадан шыға отырып, сал мен көлік оқиғасы болған сәттегі ағаштың толық құнынан артық емес, құнын төлейді.

5. Жетекке алынған объекті, егер шартта көрсетілген жетекке алу мерзімі аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде беру портына (пунктіне) келмесе, жоғалған деп е с е п т е л е д і .

Егер жетекке алынған объекті көрсетілген мерзім ішінде келсе, тасымалдаушы жүктің, теңдеме жүктің жоғалғаны үшін төленген соманы талап етуге құқылы.

82-бап. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының жауапкершілігі

1. Көліктік жүкқұжатта жүк атауы, жүк тасымалдау кезінде айрықша таңбалар мен қажетті алдын алу шаралары дұрыс көрсетілмегені үшін тасымалдауға тыйым салынған жүкті ұсынғаны үшін немесе жүк қасиетін дұрыс көрсетпегені үшін жүк жөнелтушіден аталған жағдайлар келтірген шығындарды тасымалдаушыдан қайтаруға қарамай мұндай жүкті оны тасмалының барлық қашықтығына тасымалдағаны үшін бес еселенген төлем мөлшерінде айыппұл салынады.

2. Солардың кінәсінен орын алған кемелері нормадан көп тұрып қалғаны және солардан контейнерлерді қайтаруды ұстап қалғаны үшін, тараптардың келісімімен белгіленген мөлшерде, жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан айыппұл өндіріп алынады.

3. Жүктерді түсіргеннен кейін кемелерді немесе контейнерлерді тазаламағаны үшін жүк алушы тасымалдаушыға тазалау жөніндегі жұмыстар құнын екі еселенген мөлшерде төлеуге міндетті. Тасымалдаушының, жүк алушы оларды тазалау жөніндегі жұмыстарды орындағанға дейінгі кезде тазаланбаған кемені немесе контейнерді тазалаудан, кеменің немесе контейнердің нормадан көп тұрып қалғаны үшін айыппұлды өндіріп ала отырып, бас тартуға құқығы бар.

4. Кеменің контейнердің немесе пакеттегі құралдарының зақымданғаны үшін кінәлі тараптан қажетті жөндеу жұмысы өндіріліп алынады.

83-бап. Жол жүру құжаттары жоқ жолаушының жауапкершілігі

Жол жүру құжатынсыз жүргені үшін жолаушыдан Қазақстан Республикасының әкімшілік жауапкершілігі туралы заңнамаға сәйкес шерінде айыппұл өндіріліп алынады .

84-бап. Жауапкершіліктен босату

1. Тараптар тасымалдау жетекке алу шарттарынан шығатын міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен Азаматтық кодексте, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша жауапкершіліктен босатыла алады.

2. Тараптар, егер міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау:

1) еңсерілмес күштің, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың ;

2) әскери іс-қимылдардың, төтенше жағдай енгізудің;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарияланған жүктерді ауыстыруды, кемелер мен басқа да жүзбелі объектілердің қозғалысын тоқтату немесе шектеу салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

3. Тасымалдаушы, жетекке алушы сонымен қатар:

1) міндеттемелер жолаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жөнелтушінің, алушының, экспедитордың кінәсі бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған ;

2) көлік ыдысының, немесе олардың қасиеттерінің жасырын кемшілігі салдарынан жүк , багаж сақталмаған ;

3) табиғи кему нормасының шегінде жүк көлемінде айырмашылықтар болған, ылғалдылығы төмендеген және таразы аспаптарының көрсеткіштерінде нормалар ауытқыған, сондай-ақ тасымалдаушының қатысуынсыз жүк жөнелтуші айқындаған салмақ бойынша тасымалдауға қабылданған жүк көлемінде айырмашылықтар болған;

4) жүк жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсерігінің ілесіп жүруімен тасымалданған кезде жауапкершіліктен босатылады.

4. Жүк жөнелтушіні, жөнелтуші, егер жүк немесе жетекке алынған объекті тасымалдау немесе жетекке алу жағдайлар салдарынан берілмеген болса, осы Заңның 120-бабында көзделген жауапкершіліктен босатылады.

85-бап. Тікелей аралас жол қатынастарында жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі

жауапкершілік

1. Жүктерді оларды ауыстырып тиеу порттарына бергенге дейін жүктердің сақталмағаны үшін жауапкершілік - жүкті өткізуден тарапқа, бергеннен кейін жүкті қабылдаған тарапқа жүктеледі .

2. Ішкі су көлігі ұйымдарының және басқа көлік түрлері ұйымдарының тікелей аралас жол қатынасында тасымалдау үшін қабылданған жүктердің сақтамағаны үшін жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңымен айқындалады .

Ішкі су көлігі ұйымдарының және басқа көлік түрлері ұйымдарының жүктері жоғалуындағы, жетіспеушілігі және зақымдануындағы (бүлінуіндегі) кінәсін белгілеу кезінде жауапкершілік көрсетілген ұйымдарға жүктеледі.

86-бап. Осы Заңның күшіне енуі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК